

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**ШЕКАРАЛЫҚ АУМАҚТАҒЫ АУЫЛДЫҚ МЕКТЕПТЕРДЕ,
ОНЫҢ ІШІНДЕ ШЖМ ОҚУ ПРОЦЕСІН ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША
Әдістемелік ұсынымдар**

**Методические рекомендации
ПО СОВЕРШЕНСТВОВАНИЮ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА
ПРИГРАНИЧНЫХ СЕЛЬСКИХ ШКОЛ, В ТОМ ЧИСЛЕ МКШ**

Астана
2018

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2018 жылғы 15 маусымдағы № 7 хаттамасы).

Рекомендовано к изданию решением Ученого совета Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 7 от 15 июня 2018 года).

Шекаралық аумақтағы ауылдық мектептерде, оның ішінде ШЖМ оқу процесін жетілдіру бойынша әдістемелік ұсынымдар.

Әдістемелік ұсынымдар. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 91 б.

Методические рекомендации по совершенствованию образовательного процесса приграничных сельских школ, в том числе МКШ.

Методические рекомендации. - Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2018. – 91 с.

Бұл әдістемелік ұсынымдарда Қазақстан Республикасындағы шекаралық аумақтағы ауылдық мектептердің ағымдағы жағдайына жан-жақты талдау жасалған.

Әдістемелік ұсынымдар ауылдық шекаралық аумақтағы мектептерге келген оралман балалармен оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру бойынша мұғалімдерге арналған материалдарды, шалғай ауылдық ШЖМ-дегі оқу процесін жетілдіру бойынша бағалы ұсыныстарды, сондай-ақ тәжірибе алмасуды ұйымдастыру және көршілес елдердің мектептерімен арадағы келісім негізінде шекара аумағындағы ауылдық мектептерде іс-шаралар өткізуге қатысты ұсынымдарды қамтиды.

Әдістемелік ұсынымдар білім беру қызметкерлеріне, білім беру ұйымдарының басшыларына, шағын жинақты мектеп мұғалімдеріне, мұғалімдердің біліктілігін арттыру институттарына, оқулық және оқу-әдістемелік кешендердің авторларына арналған.

В методических рекомендациях приведен подробный анализ текущего состояния приграничных сельских школ в Республике Казахстан.

Методические рекомендации включают материалы для учителей по организации учебного процесса с детьми-оралманами в сельских приграничных школах, ценные предложения по совершенствованию образовательного процесса в условиях отдаленных сельских МКШ, также рекомендации по организации обмена опытом и проведению мероприятия в приграничных сельских школах на основе соглашения между школами соседних стран.

Методические рекомендации предназначены работникам системы образования, учителям малокомплектных школ, а также сотрудникам институтов повышения квалификации учителей, авторам учебников и учебно-методических комплексов.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2018

© Национальная академия образования
имени И. Алтынсарина, 2018

КІРІСПЕ

Қазақстан экономикасының дамуының қазіргі заманғы үрдістері шекараға жақын аумақтарды одан әрі дамытудың алдын-ала болжауының маңыздылығын және олардың арнайы аумақтар ретінде ұлттық қоныстандыру жүйесіндегі ролінің елеулі артқандығын көрсетті, ол өңірлерде Қазақстан халқы мен көршілес жатқан мемлекеттердің тұрғындарының арасында табиғи, мәдени, әлеуметтік, экономикалық және технологиялық байланыстар орын алады. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 18 желтоқсандағы № 449 «Мемлекет басшысының Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» стратегиясы» қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығына [1] сәйкес Қазақстан Республикасының 2014-2020 жылдарға арналған шекараға жақын аудандарды дамыту жөніндегі іс-шаралар кешені бекітілді [2]. 2014-2020 жылдарға арналған облыстың шекара маңындағы аудандарын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді, онда кешенді іс-шаралардың әрбір бағыты шеңберінде нақты жобаларды іске асыру көзделген.

Бұл жоспардың ең маңызды және елеулі баптарының бірі қазақ халқының рухани мәдениетін жаңғырту туралы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың идеяларын шекаралас мемлекеттердің қазақ балалары оқитын мектептерімен одан әрі ынтымақтастықты дамыту арқылы насихаттау болып табылады. Мұнда тек қана өз әріптестерімен жұмыс тәжірибесін алмасу ғана емес, сонымен қатар шекаралас облыстар бойынша тәжірибе алмасу өте маңызды. Мектептің жаңартылған білім беру жағдайында түсіп жатқан ақпараттар ағынында дұрыс бағдарлану дағдысының болуы қажет, ол ақпараттарды өңдей және талдай білуі, тиісті шешімдер қабылдай білуі тиіс, осыған байланысты мектептер, оның ішінде алыстағы ауыл мектептері де, оқытудың жаңа технологияларын уақтылы енгізе білуі қажет. Шекара маңында орналасқан мектептер үшін білім беру жүйесін дамытудың негізгі жолдарының бірі мектептердің халықаралық ынтымақтастығының тәжірибесі болып табылады. Жекелеген мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастар шекаралас аймақтарды, олардың халықаралық үрдістерге қатысуын ескере отырып, қалыптастыру мен дамытудың негізі болып табылады. Сонымен қатар, шекара маңындағы мектептердегі білім беру сапасы заманауи процесстерге сәйкес болатын даму моделін әзірлеуді талап етеді, атап айтқанда, көрші елдердің шекаралас аймақтарымен ынтымақтастықтың нақты перспективаларын анықтау және сәйкестендіру қажет. Қазақстан 2010 жылы Бішкек қаласында 2008 жылы 10 қазанда қол қойылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің шекаралық ынтымақтастығы туралы конвенциясын ратификациялады [3].

Елдің солтүстік шекара маңындағы өңірлерін дамыту мақсатында мынадай шаралар қабылданды: біріншіден, 2014 жылы «Жұмыспен қамтудың жол картасына» оңтүстік өңірлерден солтүстікке қарай отбасыларды көшіру мүмкіндігі қарастырылды; екіншіден - сол жылы солтүстік өңірлердің жоғары

оқу орындарының гранттарын алуға оңтүстік облыстардың түлектеріне мүмкіндік беретін «Серпін» бағдарламасы іске қосылды; үшінші бағыт – оралмандар үшін өңірлерге квота бөлу. Соның нәтижесінде солтүстік аудандардың шекара маңындағы ауыл мектептерінің контингенті таяу және алыс шетелден көшіп келген отбасылардың балаларымен толықтырылды.

Таяу және алыс шетелден көшіп келген біздің отандастарымыздың бейімделуіне қиындық тудыратын мәселелердің бірі - қазақ алфавиті. Бүгінгі күні бүкіл әлемнің қазақтарының ауызша сөйлеуінде ешқандай айырмашылық жоқ, бірақ әртүрлі шетелдерде қазақ тілі алфавиті әртүрлігімен ерекшеленеді. Мысалы, Өзбекстан мен Түрікменстан латын алфавитіне көшті, Қазақстанда, Моңғолияда, Ресейде тұратын қазақтар кириллицамен жазады, Қытайда араб тілінің графикасы арқылы (төте жазу), ал Еуропа еліндегі қазақтар латын тілінде жазуға үйренеді. Бұл айырмашылық, тарихи отанына оралған біздің әріптестерімізге, әсіресе, орта және жоғары білім алу барысында қиындықтар туғызады.

Сондықтан, оралмандардың балаларының және оңтүстік аудандардан көшіп келген оқушылардың тез бейімделуі үшін шекара маңындағы мектепте оқу-тәрбие процессін ұйымдастыру барысында мынадай факторларды ескеру қажет:

- тілдік және мәдени интеграция мәселесі;
- әлеуметтік бейімделуге байланысты проблемалар;
- қолданыстағы ортанының нормалары мен құндылықтарын (балалардың білім беру стратегияларының ата-аналардың ресурстық әлеуетіне тәуелділігін түсіну) қабылдау;
- қоғаммен араласу және ынтымақтастықта болу қажеттігін, болып жатқан өзгерістерді түсіну;
- тілдік құзыреттілік (қазақ тілін білу және орыс тілін ресми тіл ретінде білу);
- ортаның талаптары мен мамандық алу мүмкіндігіне білім мен біліктіліктің қалыптаспауы;
- ата-аналардың білім деңгейі (төмен бейімділік, тілдік және мәдени тосқаулар және т.б.);
- мектептен тыс (үйде) оқуды сүйемелдеудің болмауы;
- білім беру және оқыту бағдарламаларын және оқу жетістіктерін бағалауды дифференциалдаудың болмауы;
- қолдау көрсетуді ұйымдастырудың әлсіздігі, қосымша сабақтар үшін ақы төлеу;
- жақын маңдағы мәдени, демалыс, оқу орталықтарының жоқтығы;
- білікті мамандардың, мектептердің материалдық-техникалық базасының жетіспеушілігі, әлеуметтік-психологиялық қызметтердің болмауы.

Көптеген елдердің қолда бар ресурстарды тиімді қолдана алмауы болашақ ұрпақтардың өз қажеттілігін қанағаттандыра алу қабілеттеріне нұқсан келтіруі мүмкін. Шекара маңында қоныстандыру жүйесінің экономикалық дамуына кері әсер етуін тоқтату үшін Еуропада қоныстандыру практикасына жаңа міндетті «шекара маңындағы өңірлердің көтере білу қабілетін» алдын-ала талдау

енгізілген, оның барысында жекелеген нақты өңірлердің сыртқы жүктемеге қарсы тұру қабілеттілігі анықталады.

Қазақстан Республикасында шекара маңындағы ауыл мектептерінің ағымдағы жағдайын талдау ондағы білім беру процесстерін жетілдіру бойынша әдістемелік құралдарды әзірлеудің қажеттілігін анықтады.

Бұл әдістемелік ұсынымдарда шекара маңындағы ауыл мектептерінде, оның ішінде ШЖМ-да, оқу тәрбие процесстерін тиімді ұйымдастыру жөніндегі жұмыстардың негізгі бағыттары анықталған.

1. Қазақстан Республикасындағы шекаралық аумақтағы ауылдық мектептердің ағымдағы жағдайын талдау


Біздің елімізде көрші мемлекеттермен мемлекеттік шекара аймағы, шекаралық өзендер жағалаулары, көлдер және өзге де объектілері іргелес жатқан 12 облыс бар. Облыстық білім департаменттерінің жиынтық ақпараттары бойынша Қазақстан Республикасында шекаралық аумақтағы мектептер Ақмола, Қарағанды және Қызылорда облыстарынан басқа 11 облыста бар. Соның ішінде 57 аудандарда/қалаларда 569 шекаралық аумақтағы ауылдық мектептер бар, олардың 418-і шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектептер болып табылады, бұл еліміздегі шағын жинақты мектептердің барлық санының 14,2%-ын құрайды. Шекаралық аумақтағы ауылдық мектептердің контингенті – 86608, соның ішінде шағын жинақты мектептердің үлесі – 26279, бұл шекаралық аумақтағы ауылдық мектептер контингентінің 30,3%. Төменде шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектептердің саны мен контингенті келтірілген (1-кесте).

1-кесте. Шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектептердің саны мен контингенті

Облыстар	аудан/ қала	Шекара- лық аумақтағы ауылдық мектептер дің саны	шекаралық аумақтағы ауылдық мектептердің контингенті	шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің саны	шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің контингенті
Ақтөбе	5	9	634	9	634
Алматы	6	84	32653	25	1489
Атырау	2	2	210	2	210
Батыс Қазақстан	7	53	5545	44	2880
Жамбыл	4	35	9887	13	1403
Қостанай	8	60	3228	60	3228
Маңғыстау	2	2	147	2	147
Оңтүстік Қазақстан	3	12	1031	12	1031
Павлодар	5	86	7780	69	3721
Солтүстік Қазақстан	6	50	3783	46	2551
Шығыс Қазақстан	9	176	21710	136	8985
ҚР	57	569	86608	418	26279


Аймақтар бойынша шекаралық аумақтағы аудандар/қалалардың, олардың жалпы санына шаққандағы ең көп үлес саны - 9 (15,8%), Шығыс Қазақстан облысына тиесілі болып келеді. Шекаралық аумақтағы аудандар/қалалардың аз саны Атырау және Маңғыстау облыстарында, әр қайсысында 2-ден (3,5%-дан) (1-диаграмма).

1-диаграмма. Облыстарға шаққандағы шекаралық аумақтағы аудандар/қалалардың саны



Атап өтілгендей, шекаралық аумақтағы аудандар/қалалардың көп саны Шығыс Қазақстан облысына тиесілі, демек бұл аймақта шекаралық аумақтағы ауылдық мектептер саны көп – 176 (30,9%), олардың ішінде 138-і (24,3%) шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектептер (ШЖМ). Атырау және Маңғыстау облыстарында әрқайсында 2 (0,4%) шекаралық аумақтағы ауылдық мектептерден бар, олардың екеуі де ШЖМ (2-диаграмма).

2-диаграмма. Шекаралық аумақтағы мектептер саны




2-кесте. Шекаралық аумақтағы мектептер саны

Облыстар	шекаралық аумақтағы ауылдық мектептердің саны	оның ішінде ШЖМ
Ақтөбе	9	9
Алматы	84	25
Атырау	2	2
Батыс Қазақстан	53	44
Жамбыл	35	13
Қостанай	60	60
Маңғыстау	2	2
Оңтүстік Қазақстан	12	12
Павлодар	86	69
Солтүстік Қазақстан	50	46
Шығыс Қазақстан	176	138

Аймақтар бөлінісінде шекаралық аумақтағы ауыл мектептерінің контингенті бойынша бірінші орынға Алматы облысы (32653) ие, оның ішінде - 1641 (5,0%) бала, шекаралық аумақтағы ШЖМ контингенті. Ал Шығыс Қазақстан облысында шекаралық аумақтағы ауылдық мектептердің жалпы контингентінің 8985-і (41,4%) ШЖМ контингенті болып табылады, басқа облыстармен салыстырғанда бұл жоғары көрсеткіш. Ақтөбе, Атырау, Қостанай, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарында шекаралық аумақтағы ауыл мектептерінің барлығы ШЖМ болып табылады, сол себепті диаграммада олардың контингенті өзара тең (3-диаграмма).

3-диаграмма. Шекаралық аумақтағы ШЖМ контингенті




3-кесте. Шекаралық аумақтағы ШЖМ контингентінің көрсеткіштері

Облыстар	шекаралық аумақтағы ауылдық мектептердің контингенті	шекаралық аумақтағы ШЖМ контингенті
Ақтөбе	634	634
Алматы	32653	1641
Атырау	210	210
Батыс Қазақстан	5545	2880
Жамбыл	9887	1403
Қостанай	3228	3228
Маңғыстау	147	147
Оңтүстік Қазақстан	1031	1031
Павлодар	7780	3721
Солтүстік Қазақстан	3783	2551
Шығыс Қазақстан	21708	8985


Қазақстан Республикасының шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектептері оқыту тілдері бойынша төрт тілге бөлінеді, қазақ тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы мектептер саны 213, бұл шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектептердің жалпы санының 51,0 % құрайды, орыс тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы мектептер – 129 (31,0%), ұйғыр тілінде оқытатын тек бір ғана мектеп, оның үлесі - 0,24%, аралас мектептер – 75 (17,9%) (4-диаграмма).

4-диаграмма. Оқыту тілі бойынша шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектептердің үлестері



Егер облыстарға бөліп қарастырсақ, онда қазақ тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектептердің ең көп саны Шығыс Қазақстан облысында орналасқан, шекара маңындағы шағын жинақты мектептердің жалпы санының 23,9%-ы немесе 100 мектеп, ал шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектептердің ең аз саны Ақтөбе, Атырау және Маңғыстау облыстарына тиесілі, әрқайсысында 2-ден (0,48%). Орыс тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектептер Қостанай облысында көбірек шоғырланған - 46 (11,0%), аралас мектептердің көп үлесі Павлодар облысында - 38 (9,1%), ұйғыр тілінде оқытатын небәрі бір мектеп Алматы облысында жұмыс жасайды (5-диаграмма).

5-диаграмма. Оқыту тілі бойынша шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектептердің саны




4-кесте. Оқыту тілі бойынша шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектептер саны


Облыстар	Оқыту тілі			
	Қазақ тілі	Орыс тілі	Ұйғыр тілі	Аралас мектеп
Ақтөбе	2	5		2
Алматы	23		1	1
Атырау	2			
Батыс Қазақстан	28	7		9
Жамбыл	12	1		
Қостанай	8	46		6
Маңғыстау	2			
Оңтүстік Қазақстан	12	0		0
Павлодар	9	22		38
Солтүстік Қазақстан	15	26		5
Шығыс Қазақстан	100	22		14
ҚР	213	129	1	75

Шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектептерді білім беру деңгейлері бойынша талдау қорытындысы, олардың арасында жалпы орта мектептердің саны мен контингенті арта түсетінін байқатады. Шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектептердің жалпы санының 90-ы (21,5%) шекаралық аумақтағы шағын жинақты бастауыш мектептер болып табылады, негізгі орта ШЖМ саны 108 (25,8%), ал жалпы орта мектеп статусы бар ШЖМ саны 220 (52,6%) (6-7 диаграммалар).

6-диаграмма. Білім беру деңгейлері бойынша шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектептер динамикасы



7-диаграмма. Аймақтар бөлінісіндегі шекаралық аумақтағы ШЖМ контингенті




5-кесте. Облыстар бойынша шекаралық аумақтағы ШЖМ контингентінің көрсеткіштері

Облыстар	БМ	НОМ	ОМ
	контингент	контингент	контингент
Ақтөбе	0	30	604
Алматы	157	136	1348
Атырау			210
Батыс Қазақстан	125	459	2296
Жамбыл	93	56	1254
Қостанай	204	593	2431
Маңғыстау		30	117
Оңтүстік Қазақстан	181	49	801
Павлодар	92	585	3044
Солтүстік Қазақстан	40	364	2147
Шығыс Қазақстан	3768	3945	1272
ҚР	4660	4247	15524

Егер шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектептерді оқыту тілі мен білім деңгейлері бойынша жеке-жеке қарастыратын болсақ, мысалы, Алматы облысында қазақ тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектептер: БМ – 9, НОМ – 3, ОМ – 11, Шығыс Қазақстан облысында БМ – 17, НОМ – 31, ОМ – 52. Жалпы талдау негізінде келесі тұжырым жасауға болады: тұтастай алғанда, республика бойынша барлық өңірлерде шекаралық аумақта жалпы орта шағын жинақты мектептер саны көбірек (1-график).


1-график. Білім беру деңгейлері бойынша қазақ тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектептер саны



6-кесте. Аймақтар бөлінісінде білім беру деңгейлері бойынша қазақ тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектептер санының көрсеткіштері


Облыстар	БМ	НОМ	ОМ
	қаз.	қаз.	қаз.
Ақтөбе	0	0	2
Алматы	9	3	11
Атырау			2
Батыс Қазақстан	11	5	12
Жамбыл	4	1	7
Қостанай	3	2	3
Маңғыстау		1	1
Оңтүстік Қазақстан	6	1	5
Павлодар	2	9	11
Солтүстік Қазақстан	0	4	11
Шығыс Қазақстан	17	31	52
ҚР	52	57	117

8-диаграмма. Білім деңгейлері бойынша қазақ тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектептер санының динамикасы



Орыс тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектептер Шығыс Қазақстан облысында БМ – 4, НОМ – 8, ОМ – 10, білім деңгейі бойынша жалпы орта білім беретін шағын жинақты мектеп саны көбірек. Қостанай облысында БМ – 17, НОМ – 12, ОМ – 17, негізгі орта білім беру деңгейіндегі шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектептер саны азаяды, ал шекаралық аумақтағы ЖОМ саны мұнда да көбейе түседі. Павлодар облысында БМ – 5, НОМ – 11, ОМ – 9, негізгі орта білім беру деңгейінде шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектептер саны көбейеді, ал орта мектептер саны 2 мектепке аз (2-график).


2-график. Білім деңгейлері бойынша орыс тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектептер саны



7-кесте. Аймақтар бөлінісінде білім беру деңгейлері бойынша орыс тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектептер санының көрсеткіштері


Облыстар	БМ	НОМ	ОМ
	Орыс т.	Орыс т.	Орыс т.
Ақтөбе	0	1	4
Батыс Қазақстан	3	3	1
Жамбыл			1
Қостанай	17	12	17
Павлодар	5	11	9
Солтүстік Қазақстан	5	7	14
Шығыс Қазақстан	4	8	10
ҚР	34	42	56

9-диаграмма. Білім деңгейлері бойынша орыс тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектептер санының динамикасы



Шекаралық аумақтағы шағын жинақты аралас мектептерді талдау көрсетіп отырғандай, шекаралық аумақтағы шағын жинақты аралас мектептер саны да бастауыш мектептен негізгі орта мектепке және орта мектепке көшкенде артуы байқалады (3-график).


3-график. Білім деңгейлері бойынша шекаралық аумақтағы шағын жинақты аралас мектептер саны



8-кесте. Аймақтар бөлінісінде білім беру деңгейлері бойынша шекаралық аумақтағы шағын жинақты аралас мектептер саны

Облыстар	БМ	НОМ	ОМ
	қаз.	қаз.	қаз.
Ақтөбе	0	0	2
Алматы	1		
Батыс Қазақстан	1	2	6
Қостанай	0	1	5
Павлодар	2	2	18
Солтүстік Қазақстан	0	1	4
Шығыс Қазақстан	1	2	11
ҚР	5	8	46

10-диаграмма. Білім деңгейлері бойынша шекаралық аумақтағы шағын жинақты аралас мектептер санының динамикасы



Ұйғыр тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы жалғыз шағын жинақты орта мектеп Алматы облысында орналасқан.

Сыныптар және білім деңгейлері бойынша жеке-жеке аймақтар бөлінісінде 2014-2015 оқу жылының қорытындысымен шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектеп білім алушыларының білім сапасын талдау.

Оқу жылының қорытындысы бойынша 1-сыныптарда республика бойынша орташа білім сапасы 66,45% құрады. Бес аймақтың білім алушылары республика бойынша орташа білім сапасынан төмен нәтиже көрсетті (Ақтөбе, Алматы, Атырау, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстары). Жоғары білім сапасын Маңғыстау (78,5%) және Шығыс Қазақстан (74,49%) облыстарының білім алушылары көрсетті. Ең төмен білім сапасы Оңтүстік-Қазақстан (50,75%) облысында болды.

2-сыныптардың республика бойынша орташа білім сапасы – 64,42%. Бес аймақтың білім алушылары республика бойынша орташа білім сапасынан төмен нәтиже көрсетті (Алматы, Атырау, Жамбыл, Қостанай және Оңтүстік Қазақстан облыстарында). Жоғары білім сапасы – Маңғыстау (79,5%) және Солтүстік Қазақстан (73,48%) облыстарында болса, ең төмен білім сапасы – Оңтүстік Қазақстан (42,91%) облысында байқалды.

Оқу жылының қорытындысы бойынша республикадағы 3-сынып оқушыларының білім сапасы – 63,72%. Сегіз аймақтың білім алушылары республика бойынша орташа білім сапасынан төмен деңгей көрсетті (Ақтөбе, Алматы, Атырау, Жамбыл, Қостанай, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарының). Жоғары білім сапасы – Батыс Қазақстан

(78,13%) және Солтүстік Қазақстан (73,38%) облыстарында, ал ең төмен білім сапасы – Оңтүстік Қазақстан (47,08%) облысында байқалады.


Талдау қорытындысы көрсеткендей, бастауыш мектепте ең жоғары білім сапасын Маңғыстау облысының шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушылары көрсете алды (2 сынып – 79,5%). Ең төмен білім сапасы Оңтүстік Қазақстан облысының көрсеткіші болып табылады (2 сынып – 42,91%). Орта буынға көшкенде білім сапасының төмендеуі байқалады.

2014-2015 оқу жылының қорытындысы бойынша 5-сыныптардың республика бойынша орташа білім сапасы – 56,39%. Сегіз аймақтың білім алушылары республика бойынша орташа білім сапасынан төмен нәтиже көрсетті. Ең жоғары білім сапасын Маңғыстау (88,0%) облысының білім алушылары көрсетті. Ең төмен білім сапасы – Оңтүстік Қазақстан (42,62%) облысында болған.

Оқу жылының қорытындысы бойынша 6-сыныптың білім алушылары 51,64% орташа білім сапасына ие болды. 7-сыныптың білім алушылары 47,84% көрсеткішке жетті, бұл 6-сынып білім алушыларының білім сапасынан 3,8% - ға төмен. 8-сыныптың білім алушылары 7-сыныптың оқушыларына қарағанда 1,4% - ға төмен, яғни 46,34% білім сапасын көрсетті. 9-сыныпта білім алушылар республика бойынша 49,22% орташа білім сапасына қол жеткізді, яғни 8-сыныптың білім алушыларының нәтижелерімен салыстырғанда 2,88%-ға жақсы. Негізгі орта мектепте 6-сыныптан бастап 8-сыныпқа дейін білім сапасы төмендейді, 9-сыныпта 2,88%-ға артқаны байқалады.

10-сыныптың білім алушылары оқу жылын республика бойынша 48,02% орташа білім сапасымен, ал 11-сынып түлектері - 51,69% білім сапасымен аяқтап отыр. Бұл 10-сыныптың білім сапасына қарағанда 3,67% -ға артық, бұл шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушылары бітіруші сыныпқа келгенде, олардың білім сапасының жақсарғанын көрсетеді (11-диаграмма). Бұлай болуының себебі, алдағы бітіру емтихандары мен ҰБТ-ға дайындықтың басталуына байланысты оқушыларда өзінің білім алуына деген жауапкершілігінің артуымен түсіндірілетін болуы керек.

11-диаграмма. 2014-2015 оқу жылының аяғындағы шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының сыныптар бойынша білім сапасы




9-кесте. 2014-2015 оқу жылының аяғындағы шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының сыныптар бойынша білім сапасының көрсеткіштері

Облыстар	1-сың.	2-сың.	3-сың.	4-сың.	5-сың.	6-сың.	7-сың.	8-сың.	9-сың.	10-сың.	11-сың.
Ақтөбе	63,81	67,06	68,50	60,77	51,16	52,22	52,86	40,77	38,11	26,00	35,11
Алматы	64,20	63,00	63,20	64,40	56,40	52,60	50,40	52,00	50,80	52,20	54,40
Атырау	55,50	57,50	58,50	75,50	50,00	41,35	41,50	36,50	46,50	58,50	46,50
Батыс Қазақстан	72,01	71,93	78,13	69,33	53,38	61,78	56,04	44,77	45,83	52,26	46,33
Жамбыл	61,00	59,00	58,00	58,00	53,00	55,00	53,00	51,00	53,00	46,00	42,00
Қостанай	66,48	59,56	63,21	60,42	47,17	44,25	38,26	39,09	39,11	46,03	47,37
Маңғыстау	78,50	79,50	63,00	70,50	88,00	57,00	33,00	50,00	71,00	33,00	88,00
Оңтүстік Қазақстан	50,75	42,91	47,08	45,16	42,62	26,50	35,75	37,12	39,91	61,00	41,91
Павлодар	72,00	68,00	65,00	66,00	60,00	61,00	60,00	54,00	54,00	48,00	55,00
Солтүстік Қазақстан	72,32	73,48	73,38	70,32	60,92	56,17	52,76	53,24	52,68	56,84	54,26
Шығыс Қазақстан	74,49	66,72	63,14	60,71	57,69	60,17	52,76	51,31	50,55	48,40	57,80
ҚР	66,45	64,42	63,72	63,72	56,39	51,64	47,84	46,34	49,22	48,02	51,69

Егер жеке білім деңгейлері бойынша қарастырсақ, бір буыннан екіншісіне көшкенде шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының білім сапасы төмендейтінін байқауға болады. Бастауыш білім беру деңгейінде шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының орташа білім сапасы 64,58% болса, негізгі орта білім беру деңгейінде 50,29% болды, ал орта мектепте – 49,86% (12-диаграмма).

12-диаграмма. 2014-2015 оқу жылының аяғындағы шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының білім сапасының динамикасы



Сыныптар және білім деңгейлері бойынша жеке-жеке аймақтар бөлінісінде 2015-2016 оқу жылының қорытындысымен шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектеп білім алушыларының білім сапасын талдау.

Оқу жылының қорытындысы бойынша шекаралық аумақтағы ШЖМ 1-сынып оқушыларының орташа білім сапасы 69,21% құрады. Республика бойынша орташа білім сапасынан төмен нәтижені алты аймақтың білім алушылары көрсетті. Ең жоғары орташа білім сапасына Батыс Қазақстан (81,36%) облысының шекаралық аумақтағы ШЖМ 1-сынып білім алушылары ие болды. Ең төмен білім сапасын Оңтүстік Қазақстан (46,0%) облысының білім алушылары көрсетті.

Шекаралық аумақтағы ШЖМ 2-сынып білім алушыларының орташа білім сапасы – 62,75%. Республика бойынша орташа білім сапасы көрсеткішінен төмен нәтижені төрт аймақтың білім алушылары көрсетті. Білім сапасының ең жоғары орташа көрсеткішіне Маңғыстау (77,5%) облысының 2-сынып білім алушылары ие болды. Ең төмен білім сапасы Оңтүстік Қазақстан (44,08%) облысының білім алушыларының үлесінде қалды.

Одан әрі, егер 3-сыныптың білім алушылары 63,54% орташа білім сапасын көрсетсе, шекаралық аумақтағы ШЖМ 4-сынып білім алушылары 64,53% орташа білім сапасына қол жеткізді.


Бастауыш білім беру деңгейіндегі білім алушылардың білім сапасын талдау нәтижелері көрсетіп отырғандай, қолданыстағы бағдарлама бойынша оқитын 2-4 сыныптың білім алушыларының білім сапасында сыныптан келесі сыныпқа көшкен сайын өсім байқалады. Ал жаңартылған білім мазмұны бойынша оқитын 1-сынып білім алушыларының білім сапасы, қолданыстағы оқу бағдарламасымен оқитын білім алушылардың білім сапасынан жоғары.

Оқу жылының қорытындысы бойынша шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің 5-сынып білім алушыларының республика бойынша орташа білім сапасы 56,41% құрады. Республика бойынша орташа білім сапасы көрсеткішінен төмен нәтижені төрт аймақтың білім алушылары көрсетті. Орташа білім сапасы бойынша жоғары нәтижеге Атырау (71,5%) облысының шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің 5-сынып білім алушылары қол жеткізді. Ең төмен білім сапасының көрсеткіші Ақтөбе (34,35%) облысы білім алушыларына тиесілі.

Оқу жылының қорытындысы бойынша шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің 6-сынып білім алушылары 51,63% орташа білім сапасын көрсетті, яғни 5-сыныптың оқушыларына қарағанда 4,78%-ға төмен. шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің 7-сынып білім алушылары 51,12% білім сапасын көрсетті, бұл 6-сыныптың білім алушыларына қарағанда 0,51% - ға төмен. 8-сынып білім алушыларының орташа білім сапасы – 47,9%, бұл 7-сыныптың білім алушыларына қарағанда 3,22% - ға төмен. 9-сыныптарда төрт аймақтың ғана шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушылары 50% - дан жоғары орташа білім сапасын көрсете алды. Ал республика бойынша орташа білім сапасы 45,45%, бұл 8-сыныптың білім алушыларының орташа білім сапасынан 2,45% - ға төмен. Талдау нәтижелері бойынша негізгі орта мектепте сыныптан келесі сыныпқа көшкен жағдайда білім сапасының төмендеуі байқалады.

Шекаралық аумақтағы ШЖМ 10-сынып білім алушылары оқу жылын республика бойынша 47,30% орташа білім сапасымен, ал 11-сынып түлектері 53,63% орташа білім сапасымен аяқтады. Бұл 10-сыныптың білім алушыларының білім сапасына қарағанда 6,33% - ға артық, алдында аталып өткендей, шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының бітіруші сыныпқа келгендегі білім сапасының жақсаруын білдіреді (13-диаграмма).

13-диаграмма. 2015-2016 оқу жылының аяғындағы шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының сыныптар бойынша білім сапасы




10-кесте. 2015-2016 оқу жылының соңындағы шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының білім сапасының көрсеткіштері (сыныптар бойынша)

Облыстар	1-сын.	2-сын.	3-сын.	4-сын.	5-сын.	6-сын.	7-сын.	8-сын.	9-сын.	10-сын.	11-сын.
Ақтөбе	77,97	51,61	64,24	71,27	34,35	51,77	50,61	49,64	46,30	30,19	33,70
Алматы	62,20	51,00	49,40	48,00	44,60	42,40	42,00	41,20	43,20	41,60	43,40
Атырау	69,00	64,00	57,50	57,00	71,50	48,00	41,50	37,00	37,50	55,00	61,00
Батыс Қазақстан	81,36	71,13	69,82	76,12	61,74	57,89	61,21	58,80	50,40	53,66	50,08
Жамбыл	64,00	64,00	63,00	58,00	60,00	48,00	55,00	52,00	55,00	48,00	60,00
Қостанай	69,81	61,03	61,33	62,07	53,88	47,52	41,41	38,75	36,21	42,88	47,54
Маңғыстау	69,00	77,50	81,00	89,00	64,00	62,00	67,00	50,00	36,00	50,00	75,00
Оңтүстік Қазақстан	46,00	44,08	48,08	49,25	50,12	42,37	37,50	38,75	38,75	39,00	55,50
Павлодар	69,00	70,00	67,00	64,00	60,00	57,00	55,00	58,00	56,00	54,00	55,00
Солтүстік Қазақстан	79,77	69,05	69,27	71,75	62,78	57,93	59,48	51,01	51,43	52,08	58,38
Шығыс Қазақстан	73,24	66,90	68,38	63,35	57,57	53,07	51,59	51,74	49,17	53,95	50,31
ҚР	69,21	62,75	63,54	64,52	56,41	51,63	51,11	47,89	45,45	47,30	53,62

Білім деңгейлері бойынша шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің білім сапасын талдау, шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының орташа білім сапасы бастауыш білім беру деңгейінде 65,01%, негізгі орта білім беру деңгейінде 50,5%, ал орта мектепте 50,47% болғанын көрсетіп отыр.

Талдау нәтижелері көрсетіп отырғандай, сыныбы жоғарылаған сайын, керісінше, шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының білім сапасы төмендейтіні байқалады (14-диаграмма).

14-диаграмма. 2015-2016 оқу жылының соңындағы шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының білім сапасының динамикасы



Сыныптар және білім деңгейлері бойынша жеке-жеке аймақтар бөлінісінде 2016-2017 оқу жылының қорытындысымен шекаралық аумақтағы шағын жинақты мектеп білім алушыларының білім сапасын талдау.

Оқу жылының қорытындысы бойынша шекаралық аумақтағы ШЖМ 1-сынып оқушыларының орташа білім сапасы 68,96% құрады. Республика бойынша орташа білім сапасынан төмен нәтижені бес аймақтың білім алушылары көрсетті. Ең жоғары орташа білім сапасына Батыс Қазақстан (85,06%) облысының шекаралық аумақтағы ШЖМ 1-сынып білім алушылары ие болды. Ең төмен білім сапасын Алматы (45,06%) облысының білім алушылары көрсетті.

Шекаралық аумақтағы ШЖМ 2-сынып білім алушыларының орташа білім сапасы 66,9% болды. Республика бойынша орташа білім сапасы көрсеткішінен төмен нәтижені төрт аймақтың білім алушылары көрсетті. Білім сапасының ең жоғары орташа көрсеткішіне Солтүстік Қазақстан (76,8%) облысының 2-сынып білім алушылары қол жеткізді. Орташа білім сапасы 50% - дан төмен жалғыз аймақ, әрі білім сапасы ең төмен Оңтүстік Қазақстан (44,66%) облысы болды.

Оқу жылының қорытындысы бойынша шекаралық аумақтағы ШЖМ 3-сынып білім алушыларының орташа білім сапасы – 65,0%. Республика бойынша орташа білім сапасынан төмен нәтижені бес аймақтың білім алушылары көрсетті. Республика бойынша білім сапасының ең жоғары нәтижесіне Маңғыстау (72,0%) облысының шекаралық аумақтағы ШЖМ 3-сынып білім алушылары қол жеткізді. Республика бойынша ең төмен білім сапасы Оңтүстік Қазақстан (46,83%) облысының шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушылары еншісінде.

Шекаралық аумақтағы ШЖМ 4-сынып білім алушылары республика бойынша 63,51% орташа білім сапасын көрсетті. Республика бойынша орташа білім сапасынан төмен нәтижені бес аймақтың білім алушылары көрсетті. Білім сапасы бойынша жоғары нәтижеге Маңғыстау (81,5%) облысының шекаралық аумақтағы ШЖМ 4-сынып білім алушылары жетті. Білім сапасының ең төменгі көрсеткіші Оңтүстік-Қазақстан (45,83%) облысында байқалды.

Талдау нәтижелері бойынша бастауыш деңгейінде, тұтастай алғанда, сыныптан сыныпқа көшкен кезде білім сапасының төмендеуі байқалады. Жаңартылған бағдарламамен оқытылатын сыныптардағы білім сапасы, қолданыстағы оқу бағдарламасымен оқытылатын сыныптардың білім сапасына қарағанда жоғары.

2016-2017 оқу жылының қорытындысы бойынша республикада 5-сыныптардың орташа білім сапасы – 56,86%. Республика бойынша орташа білім сапасынан төмен нәтижені төрт аймақтың білім алушылары көрсетті. Орташа білім сапасы бойынша жоғары нәтижені Маңғыстау (70,0%) облысының шекаралық аумақтағы ШЖМ 5-сынып білім алушылары көрсете алды. Ең төмен білім сапа крсеткіші Ақтөбе (40,25%) облысының білім алушыларының еншісінде.

Оқу жылының қорытындысы бойынша шекаралық аумақтағы ШЖМ 6-сынып білім алушыларының республика бойынша орташа білім сапасы 57,96% құрады. Республика бойынша орташа білім сапасынан төмен нәтижені бес аймақтың білім алушылары көрсетті. Білім сапасы бойынша жоғары нәтижеге Атырау (81,5%) облысының шекаралық аумақтағы ШЖМ 6-сынып білім алушылары қол жеткізді. Ең төмен білім сапасының көрсеткіші Ақтөбе (40,25%) облысының шекаралық аумақтағы ШЖМ 6-сынып білім алушыларында болды.

Шекаралық аумақтағы ШЖМ 7-сынып білім алушылары республика бойынша 49,12% орташа білім сапасын көрсетті. Республика бойынша орташа білім сапасынан төмен нәтижені үш аймақтың білім алушылары көрсетті. Білім сапасы бойынша жақсы нәтижелерді Солтүстік Қазақстан (56,75%) облысының шекаралық аумақтағы ШЖМ 7-сынып білім алушылары көрсете алды. Ең төмен білім сапасының көрсеткіші Атырау (41, 5%) облысының шекаралық аумақтағы ШЖМ 7-сынып білім алушыларының еншісінде.

Шекаралық аумақтағы ШЖМ 8-сынып білім алушыларының орташа білім сапасы – 51,08%, ал шекаралық аумақтағы ШЖМ 9-сынып білім алушыларының орташа білім сапасы – 46,9%, бұл 8-сыныптың білім алушыларының білім сапасынан 4,18% - ға төмен.

Талдау нәтижелері көрсетіп отырғандай, қолданыстағы бағдарлама бойынша оқитын 6, 8 және 9-сыныптың білім алушыларының білім сапасы


бірте-бірте төмендейді. Жаңартылған бағдарламамен оқытылатын 5 және 7 сыныптарда да, сынып жоғарлаған сайын білім сапасы төмен. Жаңартылған бағдарламамен оқытылатын 5 және 7 сыныптардың білім алушыларының білім сапасы, қолданыстағы бағдарлама бойынша оқытылатын 6 және 8-сынып оқушыларының білім сапасымен салыстырғанда төмен болып қалып отыр.

5, 7 сыныптардың жаңа оқу бағдарламасына көшу тәжірибесі көрсетіп отырғандай, балалар жаңа бағалау жүйесіне бірінші тоқсан біткен соң ғана аздап бейімделді. Бұл балалардың сабақ үлгеріміне әсер етіп, басында олар оқуға деген ынталарын жоғалтып алды. Жақсы нәтижеге қол жеткізу және жоғары баға алу үшін барлық тоқсан бойы үздіксіз оқу керек екенін, балалар бірінші жиынтық бағалаудан кейін ғана түсінді.

Білім алушыларды бағалаудың мұндай тәсілі балалар мен ата-аналар үшін ғана емес, мұғалімдердің өздері үшін де жаңалық болып отыр. Жаңартылған білім мазмұны бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен мұғалімдердің көпшілігі көптеген мәселелер бойынша теориялық жағынан хабардар болғанмен, критериалды бағалау жүйесін практикада қолдануды жеткілікті түсінбеген. Мұғалімдерге өз білімдерін тәжірибеде қолдануға келгенде қиындықтар туындады, олар негізінен ұйымдастырушылық кезеңдерге байланысты: бөлімге жиынтық бағалау және тоқсанға жиынтық бағалау өткізу рәсімдері, жұмыстарды бағалау, нәтижелерді талдау, модерация, кері байланыс жүргізу. Сондай-ақ, себептерінің бірі жаңартылған бағдарлама бойынша қайта даярлау курстарынан шекаралық аумақтағы ШЖМ барлық мұғалімдерінің өтіп үлгермегендігі болып табылады.

Шекаралық аумақтағы ШЖМ 10-сынып білім алушылары оқу жылын республика бойынша 49,39% орташа білім сапасымен, ал 11-сынып түлектері 55,43% орташа білім сапасымен аяқтады. Бұл 10-сыныптың білім алушыларының білім сапасына қарағанда 6,04% - ға артық, бұл шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының бітіруші сыныпқа келгендегі білім сапасының жасаруын білдіреді (15-диаграмма).

15-диаграмма. 2016-2017 оқу жылының соңындағы шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының білім сапасы




11-кесте. 2016-2017 оқу жылының соңындағы ШЖМ білім алушыларының сыныптар бойынша білім сапасының көрсеткіштері

Облыстар	1-сын.	2-сын.	3-сын.	4-сын.	5-сын.	6-сын.	7-сын.	8-сын.	9-сын.	10-сын.	11-сын.
Ақтөбе	67,97	65,78	68,01	57,08	40,25	44,69	50,75	50,83	48,40	38,03	45,54
Алматы	45,06	63,00	64,00	60,80	57,40	55,20	51,00	51,60	52,80	53,40	55,80
Атырау	56,00	60,00	61,50	55,00	47,50	81,50	41,50	43,00	43,00	39,50	55,00
Батыс Қазақстан	85,06	72,96	70,63	66,61	63,70	55,54	50,29	52,93	54,40	54,79	58,60
Жамбыл	67,00	68,00	63,00	62,00	60,00	59,00	52,00	56,00	52,00	58,00	58,00
Қостанай	79,26	72,13	63,61	65,74	56,55	54,34	51,99	44,19	41,92	51,63	54,35
Маңғыстау	78,00	72,00	72,00	81,50	70,00	58,00	43,00	60,00	17,00	43,00	76,00
Оңтүстік Қазақстан	50,00	44,66	46,83	45,83	47,75	50,37	43,37	37,37	41,25	46,91	42,58
Павлодар	77,00	71,00	70,00	64,00	60,00	58,00	52,00	57,00	60,00	56,00	52,00
Солтүстік Қазақстан	79,11	76,80	69,72	73,73	60,77	60,50	56,75	54,53	53,33	51,40	56,23
Шығыс Қазақстан	74,11	69,57	66,19	66,34	61,58	60,48	54,32	54,51	52,10	50,58	55,66
ҚР	68,96	66,90	65,04	63,51	56,86	57,97	49,72	51,08	46,92	49,39	55,43

Білім беру деңгейлері бойынша шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің білім сапасын талдау көрсетіп отырғандай, шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының орташа білім сапасы бастауыш білім беру деңгейінде 66,1% құраған, негізгі орта білім беру деңгейінде 52,4%, ал орта мектепте 52,4% болған.


Талдау нәтижелері бойынша бастауыш білім беру деңгейінен негізгі орта мектепке көшкен кезде шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының білім сапасы 13,7% төмендегені байқалады. Негізгі орта білім деңгейі мен жалпы орта мектептегі білім сапасы бірдей (16-диаграмма).

16-диаграмма. 2016-2017 оқу жылының соңындағы шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының білім сапасының динамикасы



Республикадағы шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының жеке-жеке сыныптар бойынша соңғы үш жылдағы білім сапасының көрсеткіштерінің динамикасы келесі графикте көрсетілген (4-график).

4-график. Шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының соңғы үш жылдағы білім сапасы



12-кесте. Шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының жеке-жеке сыныптар бойынша соңғы үш жылдағы білім сапасының көрсеткіштері

Сын. Оқу. жылы										0	1
2014-2015											


	6,45	4,42	3,72	3,72	6,39	1,64	7,84	6,34	9,22	8,02	1,69
2015-2016	9,21	2,75	3,54	4,52	6,41	1,63	1,11	7,89	5,45	7,30	3,62
2016-2017	8,96	6,90	5,04	3,51	6,86	7,97	9,72	1,08	6,92	9,39	5,43

2014-2015 оқу жылының қорытындысы бойынша аймақтар бөлінісінде шекаралық аумақтағы ШЖМ -нің республика бойынша орташа білім сапасы 55,4% құрады. Алты аймақтың білім алушылары республика бойынша орташа көрсеткіштен жоғары білім сапасын көрсете алды. Республика бойынша жоғары білім сапасы Маңғыстау (64,68%) облысының шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларында болды, бұл арада шекаралық аумақтағы ШЖМ саны да, тиісінше контингенті де осы облыста аз екенін ескеру қажет (2/147). 2014-2015 оқу жылының қорытындысы бойынша төмен білім сапасын Оңтүстік Қазақстан (42,8%) облысының білім алушылары көрсетті.

2015-2016 оқу жылының қорытындысы бойынша шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің республикадағы орташа білім сапасы 55,77% құрады, яғни өткен оқу жылына қарағанда 0,37%-ға жоғары. Алты аймақтың білім алушылары республика бойынша орташа көрсеткіштен жоғары білім сапасын көрсетті. Республика бойынша жоғары білім сапасын Маңғыстау (65,5%) облысының шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушылары биылғы оқу жылында да сақтап қалды. Білім сапасының күрт төмендеуі Алматы (46,27%) облысының шекаралық аумақтағы ауылдық мектептерінде байқалады, яғни өткен жылмен салыстырғанда (-10,42%) төмен.

2016-2017 оқу жылының қорытындысы бойынша шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің республика бойынша орташа білім сапасы 57,43% құрады, бұл өткен оқу жылына қарағанда 1,66%-ға жоғары. Жеті аймақтың білім алушылары республика бойынша орташа көрсеткіштен жоғары білім сапасын көрсетті. Республика бойынша жоғары білім сапасын Маңғыстау (65,5%) облысының шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушылары, Батыс Қазақстан (62,31%) облысының білім алушылары көрсетті. Оқу жылының соңында шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының білім сапасының жақсарғаны байқалады. Оңтүстік Қазақстан (45,17%) облысынан басқа, барлық аймақтар 50% - дан жоғары білім сапасын көрсетті (17-диаграмма).

17-диаграмма. Аймақтар бөлінісіндегі соңғы үш жылдағы шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының білім сапасы




13-кесте. Аймақтар бөлінісіндегі соңғы үш жылдағы шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының білім сапасының көрсеткіштері

Облыстар	2014-2015 оқу жылы	2015-2016 оқу жылы	2016-2017 оқу жылы
Ақтөбе	50,57	51,06	52,48
Алматы	56,69	46,27	55,46
Атырау	51,62	54,45	53,04
Батыс Қазақстан	59,25	62,93	62,31
Жамбыл	53,54	57,00	59,54
Қостанай	50,08	51,13	57,79
Маңғыстау	64,68	65,50	60,95
Оңтүстік Қазақстан	42,80	44,49	45,17
Павлодар	60,27	60,45	61,54
Солтүстік Қазақстан	61,48	62,08	62,99
Шығыс Қазақстан	58,52	58,12	60,49
ҚР	55,40	55,77	57,43


Соңғы үш жылдағы шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының білім сапаларын салыстыру нәтижесінде жалпы республика бойынша келесі айырмашылық анықталып отыр. 2015-2016 оқу жылының соңында республика бойынша орташа білім сапасы +0,37%, ал 2016-2017 оқу жылының соңында +1,66%. Жылдан жылға білім сапасының жақсарғанын көріп отырмыз (18-диаграмма).

18-диаграмма. Соңғы үш жылдағы шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының білім сапасының динамикасы



Облыстық білім басқармаларының ақпараттық деректері бойынша республикада 11 облыста 141 аудандар/қалалар бар, олардың 57-сі (40,4%) шекаралық аумақтағы аудандар/қалалар (6-график).

6-график. Облыстар бойынша шекаралық аумақтағы аудандар саны




14-кесте. Облыстар бойынша шекаралық аумақтағы аудандар санының көрсеткіші

Облыстар	аудандар/қалалар	шекаралық аумақтағы аудандар/қалалар
Ақтөбе	13	5
Алматы	16	6
Атырау	5	2
Батыс Қазақстан	13	7
Жамбыл	11	4
Қостанай	21	8
Маңғыстау	3	2
Оңтүстік Қазақстан	15	3
Павлодар	12	5
Солтүстік Қазақстан	14	6
Шығыс Қазақстан	18	9
ҚР	141	57

«Жұмыспен қамту жол картасы - 2020» бағдарламасын іске асыру аясында соңғы уақытта халықтың миграциялық қозғалысы айтарлықтай өсті, сондай-ақ аймақаралық және аймақтық көші-қон көлемі ұлғайды. Осыған байланысты, ел аумақтары бойынша халықты тиімді қоныстандыру мәселесі өзекті болып отыр. Бұл мәселені шешу үшін көші-қон мәселелері бойынша Үкіметпен заң қабылданды және ішкі қоныс аударушылар мен оралмандарды қабылдау үшін аймақтық квоталар жарияланды.

Ауылдық шекаралық аумақтағы елді мекендерге (бұдан әрі – АЕМ) қоныс аудару бағдарламасы бойынша 2015 жылы 19 оралмандар көшіп келді, олардың 17-сі Шығыс Қазақстан облысына, 2-і Қостанай облысына келді. 2016 жылы 35 оралман және 28 қоныс аударушылар көшіп келді. 2017 жылы оралмандар – 25, қоныс аударушылар – 27 (19-диаграмма).

19-диаграмма. Ауылдық елді мекендерге қоныс аудару бағдарламасын орындау



15-кесте. Ауылдық елді мекендерге қоныс аудару бағдарламасының көрсеткіштері

Облыстар	2015		2016		2017	
	Оңтүс. аймақтан	оралман	Оңтүс. аймақтан	оралман	Оңтүс. аймақтан	оралман
Қостанай	0	2	0	2	0	0
Маңғыстау					1	
Павлодар			1	30	1	0
Солтүстік Қазақстан	0	0	26	0	18	11
Шығыс Қазақстан	0	17	1	3	7	14
ҚР		19	28	35	27	25


2015 жылы мектептері бар ауылдық елді мекендерге оңтүстік аймақтардан 27 отбасы қоныс аударды, оның ішінде 25 отбасы Шығыс Қазақстан облысына қоныс аударды оларда 37 бала бар, 2 отбасы Солтүстік Қазақстан облысына қоныс аударды оларда 8 бала бар.

2016 жылы 37 отбасы қоныс аударды, бұл өткен жылғы қоныс аударушыларға қарағанда 11 отбасына артық. Барлық қоныс аударушылардан б

отбасы Шығыс Қазақстан облысына қоныс аударды, оларда 17 бала бар, Қостанай облысына – 2, Павлодар облысына – 1, Солтүстік Қазақстан облысына – 29 отбасы, оларда 38 бала бар.

2017 жылы қоныс аударушылардың үлкен ағыны байқалады (82 отбасы). Отбасылардың көбі Солтүстік Қазақстан облысына қоныс аударды – 42 отбасы оларда 124 бала бар, Павлодар облысына – 31, оларда 68 бала бар, Қостанай облысына – 2, оларда 2 бала бар және Шығыс Қазақстан облысына қоныс аударған 7 отбасының 32 баласы бар. Үш жылда республика бойынша ауылдық елді мекендерге 147 отбасы қоныс аударды оларда 334 бала бар (20-22 диаграммалар).


20-диаграмма. Мектептері бар ауылдық елді мекендерге қоныс аударушы отбасылар саны



16-кесте. Мектептері бар ауылдық елді мекендерге қоныс аударушы отбасылар санының көрсеткіштері

Облыстар	2015 жылы АЕМ-ге қоныс аударушы отбасы саны	2016 жылы АЕМ-ге қоныс аударушы отбасы саны	2017 жылы АЕМ-ге қоныс аударушы отбасы саны
Қостанай	0	2	2
Павлодар	0	1	31
Солтүстік Қазақстан	2	29	42
Шығыс Қазақстан	25	6	7
ҚР	27	38	82


21-диаграмма. Мектептері бар ауылдық елді мекендерге қоныс аударушы отбасылардағы бала саны



17-кесте. Мектептері бар ауылдық елді мекендерге қоныс аударушы отбасылардағы бала санының көрсеткіштері


Облыстар	2015	2016	2017
	отбасылардағы бала саны	отбасылардағы бала саны	отбасылардағы бала саны
Қостанай	0	7	2
Павлодар	0	1	68
Солтүстік Қазақстан	8	38	124
Шығыс Қазақстан	37	17	32
ҚР	45	63	226

22-диаграмма. Соңғы үш жылдағы қоныс аударушылар мен олардың бала санының динамикасы



2015 жылы ауылдық елді мекендерге қоныс аударушы отбасылардан шекаралық аумақтағы ШЖМ-ге 40 бала оқуға келді. Шығыс Қазақстан облысы бойынша қоныс аударушы отбасылардағы барлық 37 бала шекаралық аумақтағы аудандардағы мектептерге барды. Солтүстік Қазақстан облысындағы 8 баланың үшеуі 11 сыныпқа келді (23-диаграмма).

23-диаграмма. 2015 жылы мектепке қабылданған қоныс аударушы отбасылардың балалар саны




18-кесте. 2015 жылы қоныс аударушы отбасылардың балаларының қандай сыныпқа келгені туралы ақпарат

Облыстар	1-сың.	2-сың.	3-сың.	4-сың.	5-сың.	6-сың.	7-сың.	8-сың.	9-сың.	10-сың.	11-сың.
Солтүстік Қазақстан	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	3
Шығыс Қазақстан	4	2	4	5	2	4	6	4	5	0	1
ҚР	4	2	4	5	2	4	6	4	5	0	4

2016 жылы қоныс аударушы отбасылардағы 63 баланың 49-ы мектеп жасындағы балалар. Шығыс Қазақстан облысы бойынша қоныс аударушы отбасылардағы барлық 17 бала мектепке барды. Қостанай облысы бойынша 7 баланың 5-уі мектепке барды. Павлодар облысында барлығы 1 оқушы ғана мектепке қабылданды. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 38 баланың 26-сы мектеп жасындағы балалар (24-диаграмма).

24-диаграмма. 2016 жылы мектепке қабылданған қоныс аударушы отбасылардың балалар саны




19-кесте. 2016 жылы қоныс аударушы отбасылардың балаларының қандай сыныпқа келгені туралы ақпарат

Облыстар	1-сын.	2-сын.	3-сын.	4-сын.	5-сын.	6-сын.	7-сын.	8-сын.	9-сын.	10-сын.	11-сын.
Қостанай	1	0	0	1	1	1	1	0	0	0	0
Павлодар	0	0	0	0	0	0	1	0	0	0	
Солтүстік Қазақстан	4	4	4	1	5	3	0	3	1	1	0
Шығыс Қазақстан	2	1	1	4	1	0	3	1	2	1	1
ҚР	7	5	5	6	7	4	5	4	3	2	1

2017 жылы қоныс аударушы отбасылардағы 226 баланың 125-і мектеп жасындағы балалар болды. Шығыс Қазақстан облысы бойынша қоныс аударушы отбасылардағы барлық 32 бала мектепке барды. Павлодар облысы бойынша 68 баланың 38-і мектепке барды. Балалардың ең көп саны Солтүстік Қазақстан облысына келіпті, 124 баланың 55-і мектеп жасындағы балалар (25-диаграмма).

25-диаграмма. 2016 жылы мектепке қабылданған қоныс аударушы отбасылардың балалар саны




20-кесте. 2017 жылы қоныс аударушы отбасылардың балаларының қандай сыныпқа келгені туралы ақпарат

Облыстар	1-сын.	2-сын.	3-сын.	4-сын.	5-сын.	6-сын.	7-сын.	8-сын.	9-сын.	10-сын.	11-сын.
Павлодар	7	0	6	4	4	4	1	4	3	5	0
Солтүстік Қазақстан	8	8	12	6	3	6	6	2	3	1	0
Шығыс Қазақстан	3	5	4	3	3	1	6	2	2	1	2
ҚР	18	13	22	13	10	11	13	8	8	7	2

Шекаралық аумақтағы қоныс аударушылардың балаларын оқумен қамту бойынша мәліметтер көрсетіп отырғандай, соңғы үш жылда қоныс аударушы отбасылардан 214 бала оқумен қамтылған. Шығыс Қазақстан облысы бойынша соңғы үш жылда қоныс аударушылардың 86 баласы мектеп табалдырығын аттады. Қостанай облысында 5 мектеп жасындағы балалар, Павлодар облысы бойынша 39 бала, ал Солтүстік Қазақстан облысы бойынша үш жылдың ішінде қоныс аударушылардың 84 баласы оқумен қамтылды (26-диаграмма).

26-диаграмма. Аймақтар бойынша соңғы үш жылда қоныс аударушылардың оқытумен қамтылған балалар саны




21-кесте. Соңғы үш жылда қоныс аударушылардың оқытумен қамтылған балалар санының көрсеткіштері

Облыстар	2015	2016	2017
Қостанай	0	5	0
Павлодар	0	1	38
Солтүстік Қазақстан	3	26	55
Шығыс Қазақстан	37	17	32
ҚР	40	49	125


Білім алушылардың білім сапасының негізгі факторларының бірі мектептердің педагогтармен қамтамасыз етілуі және олардың сапалық деңгейі болып табылады. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Ақпараттық-талдау орталығының (бұдан әрі АТО) деректері бойынша Қазақстанда он мұғалімнің алтауы (61,6%) ауылдық мектептерде жұмыс істейді. ҰБДҚ деректері бойынша еліміздің мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерінде 285 996 мұғалім жұмыс істейді, олардың ішінде қосалқы жұмыспен қамтылғандарын есерегенде (16%) 51 844 мұғалім ШЖМ-да жұмыс істейді. АТО-ның талдамалық есебінің деректері бойынша, республиканың ауылдық мектептерінде жұмыс істейтін мұғалімдер саны 176173 адам. Еліміздің облыстық білім департаменттерінің жиынтық ақпараттары бойынша шекаралық аумақтағы ШЖМ-да 7010 ұстаз жұмыс істейді, бұл барлық ауылдық мұғалімдердің 4% құрайды немесе республика бойынша ШЖМ-да жұмыс істейтін ұстаздардың жалпы санының 13,5%. Шығыс Қазақстан облысының шекаралық аумақтағы ШЖМ-да 2238 ұстаз жұмыс істейді, яғни шекаралық аумақтағы ШЖМ ұстаздарының жалпы санының 31,9% -ы. Маңғыстау облысында 50 (0,7%), педагог (27-диаграмма).

27-диаграмма. Шекаралық аумақтағы ШЖМ ұстаздарының саны



Ауыл мектептерінің ұстаздарының (176173) сапалық құрамы мынадай деректерді көрсетеді: жоғары санаты барлар 39 056 мұғалім, бірінші санатты – 52 145, екінші санатты – 44 312, санатсыз жұмыс істеп жүргендер 40660 мұғалім. Облыстық білім департаменттердің ақпараттық деректері бойынша шекаралық аумақтағы ШЖМ-де 7010 мұғалімдердің біліктілік санаттары барлары: жоғары санатты - 879 мұғалім, бұл барлық жоғары санатты ауыл мұғалімдерінің 2,25%-ы. Бірінші санатты – 2303 (4,4%), екінші санатты – 1967 (4,4%) мұғалім, 1861 (4,6%) мұғалім санатсыз жұмыс істейді. Аймақтар бойынша шекаралық аумақтағы ШЖМ ұстаздардың сапалық құрамы келесі диаграммада берілген (28-диаграмма).

28-диаграмма. Аймақтар бойынша шекаралық аумақтағы ШЖМ ұстаздардың сапалық құрамы




22-кесте. Аймақтар бойынша шекаралық аумақтағы ШЖМ ұстаздардың сапалық құрамының көрсеткіштері

Облыстар	жоғары	бірінші	екінші	санаты жоқ
Ақтөбе	18	69	58	75
Алматы	38	143	120	102
Атырау	4	15	23	10
Батыс Қазақстан	58	279	256	250
Жамбыл	33	93	84	63
Қостанай	69	264	211	240
Маңғыстау	1	5	15	29
Оңтүстік Қазақстан	36	61	63	49
Павлодар	198	428	295	219
Солтүстік Қазақстан	140	245	180	233
Шығыс Қазақстан	284	701	662	591
РК	879	2303	1967	1861


Кадрларға деген сұраныс 2015 жылмен салыстырғанда 3 есе артты, яғни 1226 мұғалімді құрайды. Бастауыш мектепте 81 ұстаз қажет, жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша жетіспейтін мұғалімдер саны 574 кадр бірлігі, қоғамдық гуманитарлық бағыттағы пәндерден мұғалімдердің қажеттілігі 451 бірлік және басқа пәндер бойынша кадрдың қажеттілігі 120 бірлік, барлығы негізгі орта мектеп (НОМ) және орта мектепте (ОМ) кадрлардың қажеттілігі 1145 бірлік.

40-диаграмма. 2017-2018 оқу жылындағы пәндер бойынша мұғалімдердің қажеттілігі туралы мәлімет




Республиканың облыстық білім департаменттерінің мәліметтері бойынша шекаралық аумақтағы ШЖМ бастауыш мектептерінде кадрлар қажеттілігі 17 бірлік, яғни бастауыш мектептер бойынша мамандар тапшылығының жалпы санының 21%-ын құрайды (30-диаграмма).

30-диаграмма. Шекаралық аумақтағы ШЖМ бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогикалық кадрлардың қажеттілігі



Қазақ тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің негізгі орта мектептеріндегі кадрлар қажеттілігі 66 бірлікті құрайды, яғни НОМ мен ОМ-ге барлық қажетті кадрлардың 5,76%. Орыс тілінде оқытатын мектептерде педагог кадрлардың қажеттілігі 54 (4,72%) адам, аралас мектептерде кадрлардың тапшылығы 20 (1,75%) бірлікті құрайды (31-диаграмма).

31-диаграмма. Шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің негізгі орта мектептеріндегі кадрлар қажеттілігі




23-кесте. Шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің негізгі орта мектептеріндегі кадрлар қажеттілігінің көрсеткіштері

Облыстар	НОМ		
	қаз.	орыс	аралас
Батыс Қазақстан	11	14	5
Қостанай	5	9	1
Павлодар	25	20	10
Солтүстік Қазақстан	6	7	2
Шығыс Қазақстан	19	4	2
ҚР	66	54	20

Қазақ тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы ШЖМ орта мектептеріндегі кадрлар қажеттілігі 91 бірлікті құрайды, бұл НОМ мен ОМ-ге барлық қажетті кадрлардың 7,86%. Орыс тілінде оқытатын мектептерде педагог кадрлардың қажеттілігі 76 (6,64%) адам, аралас мектептерде кадрлардың тапшылығы 69 (6,0%) бірлікті құрайды. Кадрларға деген ең жоғары қажеттілік Шығыс Қазақстан облысында 69 бірлік, одан кейін келетін Солтүстік-Қазақстан облысы - 40 бірлік, Батыс Қазақстан және Қостанай облыстарында кадрлардың қажеттілігі 37 бірлікті құрайды (32-диаграмма).

32-диаграмма. Шекаралық аумақтағы жалпы орта ШЖМ-дегі кадрлар қажеттілігі




24-кесте. Шекаралық аумақтағы жалпы орта ШЖМ-дегі кадрлар қажеттілігінің көрсеткіштері

Облыстар	OM		
	қаз.	орыс	аралас
Ақтөбе	9	5	3
Атырау	1		
Батыс Қазақстан	14	3	20
Жамбыл	8		
Қостанай	3	21	13
Павлодар	15	6	6
Солтүстік Қазақстан	12	21	7
Шығыс Қазақстан	29	20	20
ҚР	91	76	69

ҰБДҚ деректері бойынша шекаралық аумақтағы аудан/қалалары бар аймақтардағы жалпы барлық мектептердің ішінде 38-і апаттық жағдайда. Облыстық білім департаменттерінен келіп түскен мәліметтер бойынша 569 шекаралық аумақтағы ауылдық мектептердің ішінде 276 (48,5%) ШЖМ типтік үлгідегі мектептер, 133 (23,37%) бейімделіп салынған мектептер және 4 (0,7%) шекаралық аумақтағы ШЖМ апатты жағдайда. Аймақтар бойынша 33-диаграммада көрсетілген.

33-диаграмма. Шекаралық аумақтағы ауылдық елдімекендердегі ШЖМ материалдық-техникалық базасы




25-кесте. Шекаралық аумақтағы ауылдық елді мекендердегі ШЖМ материалдық-техникалық базасының көрсеткіштері

Облыстар	типтік үлгіде	бейімделген	апатты жағдайда
Ақтөбе	8	1	
Алматы	16	10	
Атырау	2		
Батыс Қазақстан	26	18	1
Жамбыл	7	6	1
Қостанай	40	18	
Оңтүстік Қазақстан	3	9	
Павлодар	55	12	
Солтүстік Қазақстан	37	9	
Шығыс Қазақстан	82	50	2
ҚР	276	133	4

ҰБДҚ деректері бойынша 2017-2018 оқу жылында республика бойынша шекаралық аумақтағы аудандары бар 11 аймақтың 4459 мектебінде спорт зал, 4466 мектепте асхана/буфеттер бар. Облыстық білім департаменттерінің мәліметтері бойынша бұл аймақтарда шекаралық аумақтағы барлық ауылдық мектептердің 294 (51,7%) ШЖМ-да спорт залдары бар, 317-де (55,7%) асхана және 267-ің (46,9%) медициналық кабинеттері бар. Аймақтар бойынша 34-диаграммада келтірілген.

34-диаграмма. Шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің қажетті кабинеттермен қамтамасыз етілуі бойынша ақпарат




26-кесте. Шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің қажетті кабинеттермен қамтамасыз етілуінің көрсеткіштері

Облыстар	спортзал	асхана	мед. кабинет
Ақтөбе	7	8	8
Алматы	17	17	22
Атырау	1	2	2
Батыс Қазақстан	31	39	25
Жамбыл	8	10	10
Қостанай	42	34	30
Маңғыстау	2	2	2
Оңтүстік Қазақстан	2	6	7
Павлодар	58	65	42
Солтүстік Қазақстан	40	44	37
Шығыс Қазақстан	86	90	82
ҚР	294	317	267

Мектептерді, оның ішінде ШЖМ-ді компьютерлендіру және сандық жүйеге көшіру мақсатында республика бойынша 4919 мектеп жаңа модификациялы кабинеттермен қамтамасыз етілген. 4366 интерактивті тақталар алынып, 5103 интерактивті жиынтық (ПИК-процессор+интерактивті тақта, компьютер) орнатылды. 2812 мектеп интернетке қосылып, оның 2050 мектебі кеңжолалық интернетке (КЖИ) қосылған.

Ал, шекаралық аймақтарды алатын болсақ, 374 ШЖМ жаңа модификациялы кабинеттермен қамтамасыз етілген, бұл шекаралық аумақтағы ШЖМ жалпы санының 89% құрайды. 838 интерактивті тақталар алынып, 1079 ПИК орнатылды. 418 шекаралық аумақтағы ауылдық ШЖМ-нің 361 мектебі интернетке қосылып, 185 мектеп КЖИ-ге қосылды (ШЖМ-нің 44%). Бұдан әрі, аймақтар бойынша шекаралық ауылдық ШЖМ-ді сандық жүйеге көшіру бойынша ақпарат келтірілген (35-36 диаграммалар).


35-диаграмма. Аймақтар бойынша шекара аумағындағы ауыл мектептерін компьютерлендіру



27-кесте. Аймақтар бойынша шекара аумағындағы ауыл мектептерін компьютерлендіру көрсеткіштері

Облыстар	жаңа модификациялы кабинеттер	интерактивті тақталар	ПИК
Ақтөбе	14	21	
Алматы	9	19	
Атырау	5	5	
Батыс Қазақстан	20	114	19
Жамбыл	2	23	6
Қостанай	44	61	304
Маңғыстау		8	1
Оңтүстік Қазақстан		13	
Павлодар	31	80	443
Солтүстік Қазақстан	55	69	29
Шығыс Қазақстан	194	425	277
ҚР	374	838	1079

36-диаграмма. Аймақтар бойынша шекара аумағындағы ауыл мектептерін компьютерлендіру




28-кесте. Аймақтар бойынша шекара аумағындағы ауыл мектептерін компьютерлендіру көрсеткіштері

Облыстар	интернетке қосу	КЖИ
Ақтөбе	9	3
Алматы	23	
Атырау	8	
Батыс Қазақстан	37	14
Жамбыл	13	9
Қостанай	59	48
Оңтүстік Қазақстан	12	
Павлодар	48	50
Солтүстік Қазақстан	44	24
Шығыс Қазақстан	108	37
ҚР	361	185

Білім сапасының көрсеткіштерінің бірі, ерекше үлгідегі аттестат иегерлерінің саны мен «Алтын белгі» иегерлері болып табылады. 2015 жылы шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің 31 білім алушылары ерекше үлгідегі аттестатқа ие болды, 2016 жылы – 51, ал 2017 жылы – 66 түлек. 2015 жылы - 8, 2016 жылы - 25 және 2017 жылы 44 шекаралық аумақтағы ШЖМ түлектері «Алтын белгі» иегері болды. Республика бойынша аймақтар бөлінісінде шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының білім сапасының жақсаруы байқалады (37-38 диаграммалар).

37-диаграмма. Шекаралық аумақтағы ауылдық ШЖМ-ді ерекше үлгідегі аттестатқа бітірген түлектер




29-кесте. Шекаралық аумақтағы ШЖМ бойынша ерекше үлгідегі аттестатқа бітірген түлектер саны

Облыстар	2015	2016	2017
Ақтөбе	0	3	0

Алматы	6	7	6
Атырау	10	3	6
Батыс Қазақстан	1	11	15
Жамбыл	0	0	1
Қостанай	2	3	8
Маңғыстау	1	4	1
Оңтүстік Қазақстан	0	0	1
Павлодар	0	1	1
Солтүстік Қазақстан	1	3	6
Шығыс Қазақстан	10	16	21
ҚР	31	51	66

38-диаграмма. Шекаралық аумақтағы ШЖМ түлектерінің ішіндегі «Алтын белгі» иегерлері




30-кесте. Шекаралық аумақтағы ШЖМ түлектерінің «Алтын белгі» иегерлерінің көрсеткіштері

Облыстар	2015	2016	2017
Ақтөбе	0	2	0
Алматы	2	2	
Атырау	0	0	0
Батыс Қазақстан	1	0	5
Жамбыл	0	1	0
Қостанай	0	0	2
Маңғыстау	0	0	0
Оңтүстік Қазақстан	0	0	1
Павлодар	1	5	1
Солтүстік Қазақстан	2	3	6
Шығыс Қазақстан	2	12	29
ҚР	8	25	44

Облыстық, республикалық және халықаралық деңгейлердегі жыл сайынғы пәндік олимпиадаларға білім алушылардың қатысуы мен жетістіктері білім беру сапасының көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

2015 жылы *жаратылыстану-математика* бағытындағы пәндер бойынша облыстық деңгейдегі пәндік олимпиадаларға шекаралық аумақтағы ауылдық ШЖМ-нен 8 аймақтан 232 білім алушылар қатысып, 6 аймақтан 67 білім алушы нәтиже көрсетті, яғни олимпиадаға қатысушылар санының 29,7%-ы. 2016 жылы 7 аймақтан 214 білім алушы қатысып, 3 аймақтан олардың 63-і (30,0%) нәтиже көрсетті. 2017 жылы 8 аймақтан 130 білім алушы қатысып, 6 аймақтан 42 (32,3%) білім алушы нәтиже көрсетті (39—40 диаграммалар).


39-40 диаграмма. Жаратылыстану-математика бағытындағы облыстық деңгейдегі пәндік олимпиадалардың қатысушылар саны мен нәтижелері



Облыстар	2015		2016		2017	
	саны	нәтиже	саны	нәтиже	саны	нәтиже
Ақтөбе					13	8
Алматы	3		5		2	
Батыс Қазақстан	3	2	1		1	
Жамбыл	3	1	2	1	2	1
Қостанай	156	32	26	2	30	4
Оңтүстік Қазақстан	2		1			
Павлодар	2	2			2	2
Солтүстік Қазақстан	6	2	7		5	1
Шығыс Қазақстан	57	28	172	60	75	26
ҚР	232	67	214	63	130	42

2015 жылы *қоғамдық-гуманитарлық* бағытындағы пәндер бойынша облыстық деңгейдегі пәндік олимпиадаларға 7 аймақтан 257 білім алушылар қатысып, 5 аймақтан 95 білім алушы нәтиже көрсетті, яғни олимпиадаға қатысушылар санының 36,79%-ы. 2016 жылы 7 аймақтан 356 білім алушы қатысып, олардың 4 аймақтан 97 (27,2%) білім алушы нәтиже көрсетті. 2017 жылы 7 аймақтан 184 білім алушы қатысып, 5 аймақтан 81 (44,0%) білім алушы нәтиже көрсетті (41-42 диаграммалар).


41-42 диаграммалар. Қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы облыстық деңгейдегі пәндік олимпиадалардың қатысушылар саны мен нәтижелері



Облыстар	2015		2016		2017	
	саны	нәтиже	саны	нәтиже	саны	нәтиже
Ақтөбе	6	1	5		22	19
Алматы	7		4		5	
Батыс Қазақстан			2	1	1	1
Жамбыл	2	1				
Қостанай	135	22	156	22	53	16
Павлодар	3	2	2	2	7	2
Солтүстік Қазақстан	4		5		5	
Шығыс Қазақстан	100	69	182	72	91	43
ҚР	257	95	356	97	184	81

2015 жылы *жаратылыстану-математика* бағытындағы пәндері бойынша *республикалық деңгейдегі* пәндік олимпиадаларға шекаралық аумақтағы ШЖМ-нен 5 аймақтан 73 білім алушылар қатысып, 4 аймақтан келген 20 қатысушы нәтиже көрсетті, яғни олимпиадаға қатысушылардың 27,4%. 2016 жылы 5 аймақтан 118 білім алушылар қатысып, 3 аймақтан келген 26 қатысушы (22,0%) нәтиже көрсетті. 2017 жылы 5 аймақтан 112 білім алушылар қатысып, 5 аймақтан қатысушылардың 40-ы (35,7%) нәтиже көрсетті (43-44 диаграммалар).


43-44 диаграммалар. *Жаратылыстану-математика* бағытындағы республикалық деңгейдегі пәндік олимпиадалардың қатысушылар саны мен нәтижелері



Облыстар	2015		2016		2017	
	саны	нәтиже	саны	нәтиже	саны	нәтиже
Жамбыл	7	5	12	5	17	12
Қостанай	26		38		61	5
Павлодар	6	2	3	2	2	2
Солтүстік Қазақстан	6	2	5		6	2
Шығыс Қазақстан	28	11	60	19	26	19
ҚР	73	20	118	26	112	40

2015 жылы *қоғамдық-гуманитарлық* бағытындағы пәндер бойынша республикалық деңгейдегі пәндік олимпиадаларға 5 аймақтан 93 білім алушылар қатысып, 3 аймақтан 22 білім алушы нәтиже көрсетті, яғни олимпиадаға қатысушылар санының 23,6%-ы. 2016 жылы 5 аймақтан 115 білім алушылар қатысып, 3 аймақтан келген 16 қатысушы (13,9%) нәтиже көрсетті. 2017 жылы 5 аймақтан 110 білім алушылар қатысып, 4 аймақтан қатысушылардың 14 (12,7%) нәтиже көрсетті (45-46 диаграммалар).


45-46 диаграммалар. Қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы республикалық деңгейдегі пәндік олимпиадалардың қатысушылар саны мен нәтижелері



Облыстар	2015		2016		2017	
	саны	нәтиже	саны	нәтиже	саны	нәтиже
Ақтөбе			1			
Батыс Қазақстан					1	1
Жамбыл	7	4	4	3	7	5
Қостанай	51		60		78	
Павлодар	3	2	2	1	6	1
Солтүстік Қазақстан	1					
Шығыс Қазақстан	31	16	48	12	18	7
ҚР	93	22	115	16	110	14

2015 жылы *жаратылыстану-математикалық* бағыттағы *халықаралық деңгейдегі* интеллектуалдық олимпиадаларға шекаралық аумақтағы ШЖМ-нен 2 аймақтан 20 білім алушылар қатысып, 2 аймақтан қатысқан 11 білім алушы нәтиже көрсетті, яғни олимпиада қатысушылар санының 55,0%-ы. 2016 жылы 3 аймақтан 15 білім алушы қатысып, 3 аймақтан келген 8 қатысушы (53,3%) нәтиже көрсетті. 2017 жылы 5 аймақтан 19 білім алушы қатысып, 5 аймақтан қатысушылардың 12 (63,1%) нәтиже көрсетті (47-48 диаграммалар).


47-48 диаграммалар. Жаратылыстану-математикалық бағытындағы халықаралық деңгейдегі интеллектуалдық олимпиадаларға қатысушылар саны мен нәтижелері



Облыстар	2015		2016		2017	
	саны	нәтиже	саны	нәтиже	саны	нәтиже
Батыс Қазақстан					4	4
Жамбыл			4	1	1	1
Павлодар	9	5	8	5	6	4
Солтүстік Қазақстан					1	1
Шығыс Қазақстан	11	6	3	2	7	2
ҚР	20	11	15	8	19	12

2015 жылы *қоғамдық-гуманитарлық* бағыттағы халықаралық деңгейдегі интеллектуалдық олимпиадаларға шекаралық аумақтағы ШЖМ-нен, 3 аймақтан 35 білім алушы қатысып, 3 аймақтан қатысқан 9 білім алушы нәтиже көрсетті, яғни олимпиадаға қатысушылар санының 25,7%-ы. 2016 жылы 3 аймақтан 52 білім алушы қатысып, 3 аймақтан келген 10 қатысушы (19,2%) нәтиже көрсетті. 2017 жылы 5 аймақтан 34 білім алушы қатысып, 5 аймақтан қатысушылардың 11-і (32,3%) нәтиже көрсетті (49-50 диаграммалар).

49-50 диаграммалар. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы халықаралық деңгейдегі интеллектуалдық олимпиадаларға қатысушылар саны мен нәтижелері



Облыстар	2015		2016		2017	
	саны	нәтиже	саны	нәтиже	саны	нәтиже
Батыс Қазақстан					3	2
Жамбыл	1	1	1	1	2	2
Павлодар	2	1	2	2	2	2
Солтүстік Қазақстан	1				8	3
Шығыс Қазақстан	31	7	48	7	18	2
ҚР	35	9	52	10	34	11


Көптеген интеллектуалды олимпиадалар сырттай, дайын басып шығарылған тест немесе компьютерлік тестілеу түрінде өткізіледі. Демек, нәтиже әрдайым объективті бола бермейді, өйткені тапсырманы орындаған кезде оқушылар мұғалімнің көмегін пайдалануы мүмкін. Кейбір жағдайда қашықтықтан тест тапсырмалары берілгенде, балалар компьютердің алдында мұғалімдерімен, достарымен, сыныптастарымен т.с.с. отырып орындауы мүмкін. Сондықтан, білім сапасының шынайы көрінісін аймақтық және республикалық деңгейлердегі бірнеше кезеңнен тұратын жыл сайынғы республикалық пәндік олимпиада бере алады.

Білім алушылардың ҰБТ-ға қатысуы, ауыл балаларының білім алу нәтижесі ретінде, олардың одан әрі білімдерін жалғастыру бағыттарын және алдағы өміріндегі мамандығын анықтап, өз таңдауын жасауға мүмкіндік береді.

Соңғы үш жыл ішінде ҰБТ-ға 2279 шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушылары қатысқан: оның ішінде 1758 мектеп түлектері қазақ тілінде және 521 мектеп түлектері орыс тілінде оқытатын мектеп түлектері.

2015 жылы шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің ҰБТ тапсырған 794 түлегі есепке алынса, оның ішінде 576-сы (72,5%) грант бойынша білім алуын жалғастырды: республиканың жоғары оқу орындарына (ЖОО) – 186 (23,4%), техникалық және кәсіби білім беру (ТжКБ) – 377 (47,4%), сондай-ақ 13(1,6%) түлек – халықаралық грант иегерлері. Аймақтар бойынша келесі диаграммада берілген (51-диаграмма).

51-диаграмма. 2015 жылы шекаралық аумақтағы ШЖМ түлектерінің ЖОО мен ТжКБ-ға түсулері




31-кесте. 2015 жылы шекаралық аумақтағы ШЖМ түлектерінің ЖОО мен ТжКБ-ға түсу көрсеткіштері

Облыстар	ЖОО	ТжКБ	Халықаралық грант
Ақтөбе	4	9	2
Алматы	9	2	
Атырау	2	2	
Батыс Қазақстан	22	53	7
Жамбыл	12	4	
Қостанай	9	99	
Маңғыстау	1		
Оңтүстік Қазақстан	20	7	
Павлодар	26	68	
Солтүстік Қазақстан	21	43	4
Шығыс Қазақстан	60	90	
ҚР	186	377	13

2016 жылы шекаралық аумақтағы ШЖМ-нен 754 түлек ҰБТ тапсырды, оның ішінді 512 (67,9%) түлек грант бойынша оқуға түсті: республиканың жоғары оқу орындарына (ЖОО) – 196 (26,0%), техникалық және кәсіби білім беру (ТжКБ) – 294 (39,0%), 22(2,9%) түлек – халықаралық грант иегерлері. Аймақтар бойынша келесі диаграммада келтірілген (52-диаграмма).

52-диаграмма. 2016 жылы шекаралық аумақтағы ШЖМ түлектерінің ЖОО мен ТжКБ-ға түсу дерегі




32-кесте. 2016 жылы шекаралық аумақтағы ШЖМ түлектерінің ЖОО мен ТжКБ-ға түсу көрсеткіштері

Облыстар	ЖОО	ТжКБ	Халықаралық грант
Ақтөбе	8	6	
Алматы	8	1	
Атырау			
Батыс Қазақстан	13	55	8
Жамбыл	14	4	
Қостанай	4	12	3
Маңғыстау	1	3	
Оңтүстік Қазақстан	18	7	
Павлодар	40	63	7
Солтүстік Қазақстан	23	40	3
Шығыс Қазақстан	60	90	
ҚР	196	294	22

2017жылы шекаралық аумақтағы ШЖМ-нен 731 түлек ҰБТ тапсырды, оның ішінді 726 (99,0%) түлек грант бойынша оқуға түсті: республиканың жоғары оқу орындарына (ЖОО) – 283 (38,7%), техникалық және кәсіби білім беру (ТжКБ) – 420 (57,4%), 23(3,0%) түлек – халықаралық грант иегерлері. Аймақтар бойынша келесі диаграммада келтірілген (53-диаграмма).

53-диаграмма. 2017 жылы шекаралық аумақтағы ШЖМ түлектерінің ЖОО мен ТжКБ-ға түсулері




Облыстар	ЖОО	ТжКБ	Халықаралық грант
Ақтөбе	7	6	
Алматы	7	2	
Атырау	1	2	
Батыс Қазақстан	37	40	4
Жамбыл	22	12	
Қостанай	16	131	2
Маңғыстау			
Оңтүстік Қазақстан	19	5	
Павлодар	36	61	11
Солтүстік Қазақстан	46	28	4
Шығыс Қазақстан	92	133	2
ҚР	283	420	23

Жоғарыда атап көрсетілгендей 2015-2017 жылдары қазақ тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің 1758 түлектері ҰБТ-ға қатысты. 2015 жылы қазақ тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы ШЖМ-нен 600 түлек тестілеуге қатысты, республика бойынша орташа балл 73,5 балды құрады. Бес аймақтың орташа балы республика бойынша орташа балдан төмен болды. Ең төмен көрсеткіш Павлодар облысының (36,0) білім алушыларында.

2016 жылы қазақ тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің 582 түлегі ҰБТ-ға қатысты, республика бойынша орташа балл – 68,95 балл. Үш аймақта ҰБТ-ның орташа балы республика бойынша орташа көрсеткіштен төмен болды (Атырау, Жамбыл, Павлодар облыстарында). Ең төмен нәтижені Павлодар облысының (48,0) білім алушылары көрсетті.

2017 жылы қазақ тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы ШЖМ-нен 576 түлек тестілеуге қатысты, республика бойынша орташа балл 70,0 балды құрады. Төрт аймақта ҰБТ-ның орташа балы республика көрсеткішінен төмен болды (Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Павлодар облыстарында). Ең төмен нәтижені Павлодар облысының (33,0) білім алушылары көрсетті. Аймақтар бойынша ҰБТ-ға қатысушылар саны мен қорытындысы (54, 55 диаграмма).


54-диаграмма. Қазақ тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің үш жылдағы ҰБТ-ның қорытындысы



34-кесте. Қазақ тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің үш жылдағы ҰБТ-ның қорытындысының көрсеткіштері

Облыстар	2015	2016	2017
	Орташа бал	Орташа бал	Орташа бал
Ақтөбе	75,00	101,50	56,50
Алматы	70,00	71,70	72,40
Атырау	59,70	62,55	66,50
Батыс Қазақстан	83,01	78,93	85,55
Жамбыл	52,30	49,00	82,00
Қостанай	73	80	75,25
Маңғыстау	96,00		50,00
Оңтүстік Қазақстан	109,70	106,10	95,68
Павлодар	36,00	48,00	33,00
Солтүстік Қазақстан	77,14	79,95	71,51
Шығыс Қазақстан	76,99	80,74	81,52
ҚР	73,50	68,95	70,00

55-диаграмма. Қазақ тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің үш жылдағы ҰБТ-ға қатысушылар саны



35-кесте. Қазақ тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің үш жылдағы ҰБТ-ға қатысушылар санының көрсеткіштері

Облыстар	2015	2016	2017
	Қатысушылар саны	Қатысушылар саны	Қатысушылар саны
Ақтөбе	10	3	3
Алматы	75	65	58
Атырау	8	3	4
Батыс Қазақстан	92	96	83
Жамбыл	31	23	34
Қостанай	9	9	16
Маңғыстау	1		1
Оңтүстік Қазақстан	68	62	58
Павлодар	50	53	42
Солтүстік Қазақстан	51	59	43
Шығыс Қазақстан	205	209	234
ҚР	600	582	576

2015-2017 жылдары орыс тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің барлығы 521 түлектері ҰБТ-ға қатысты.


2015 жылы орыс тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы ШЖМ-нен 194 түлек тестілеуге қатысты, республика бойынша орташа балл 68,2 балды құрады. Екі аймақтың орташа балы республика бойынша орташа балдан төмен болды (Жамбыл, Павлодар облыстарында). Ең төмен көрсеткіш Павлодар облысының (33,0) білім алушыларында.

2016 жылы орыс тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің 172 түлегі ҰБТ-ға қатысты, республика бойынша орташа балл – 68,83 балл. Екі аймақта ҰБТ-ның орташа балы республика бойынша орташа көрсеткіштен

төмен болды (Жамбыл, Павлодар облыстарында). Ең төмен нәтижені Павлодар облысының (39,0) білім алушылары көрсетті.

2017 жылы орыс тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы ШЖМ-нен 155 түлек тестілеуге қатысты, республика бойынша орташа балл 59,10 балды құрады. Екі аймақта ҰБТ-ның орташа балы республика бойынша орташа көрсеткіштен төмен болды (Жамбыл, Павлодар облыстарында). Ең төмен нәтижені Павлодар облысының (29,0) білім алушылары көрсетті. Аймақтар бойынша шекаралық аумақтағы ШЖМ-нен ҰБТ-ға қатысушылар саны мен қорытындысы (56, 57 диаграмма).


56-диаграмма. Орыс тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің соңғы үш жылдағы ҰБТ-ның қорытындысы



36-кесте. Орыс тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің соңғы үш жылдағы ҰБТ қорытындысының көрсеткіштері

Облыстар	2015	2016	2017
	Орташа бал	Орташа бал	Орташа бал
Ақтөбе	77,63	75,40	67,70
Батыс Қазақстан	78,33	78,87	65,17
Жамбыл	57,00	53,00	45,00
Қостанай	73,84	78,16	71,15
Павлодар	33,00	39,00	29,00
Солтүстік Қазақстан	78,52	84,77	65,38
Шығыс Қазақстан	79,36	79,63	70,27
ҚР	68,20	68,83	59,10

57-диаграмма. Орыс тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің үш жылдағы ҰБТ-ға қатысушылар саны




37-кесте. Орыс тілінде оқытатын шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің соңғы үш жылдағы ҰБТ-ға қатысу көрсеткіштері

Облыстар	2015	2016	2017
	Қатысушылар саны	Қатысушылар саны	Қатысушылар саны
Ақтөбе	11	14	7
Батыс Қазақстан	25	17	20
Жамбыл	6	7	6
Қостанай	58	49	30
Павлодар	43	39	35
Солтүстік Қазақстан	30	35	40
Шығыс Қазақстан	21	11	17
ҚР	194	172	155

Соңғы үш жылда оқу жетістіктерін сырттай бағалауға (ОЖСБ) бастауыш мектептер (БМ) бойынша екі аймақтың (Алматы және Шығыс Қазақстан облыстары) шекаралық аумақтағы шағын жинақты бастауыш мектептері тартылды. 2017 жылы Алматы облысы бойынша ОЖСБ-ға 13 білім алушы қатысып, 16,1 орташа балл көрсетті, Шығыс Қазақстан облысы бойынша 15 білім алушы 64 балл нәтиже көрсетті. Бастауыш мектептегі республика бойынша ОЖСБ-ның орташа балы 40,05 балды құрады (58-59 диаграммалар).

58-59 диаграммалар. Шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының БМ бойынша ОЖСБ-ның нәтижесі мен қатысушылар саны



Облыстар	2015		2016		2017	
	Қатысушы саны	Орташа балл	Қатысушы саны	Орташа балл	Қатысушы саны	Орташа балл
Алматы					13	16,1
Шығыс Қазақстан					15	64
ҚР					28	40,05


Шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің негізгі орта мектебі (НОМ) бойынша ОЖСБ-ны талдау.

2015 жылы төрт шекаралық аумақтағы ШЖМ-нен 67 білім алушы қатысты. Жақсы нәтижені Шығыс Қазақстан облысының білім алушылары көрсетті 38,19 балл. Батыс Қазақстан облысының білім алушылары 19,8 балл, яғни өте төмен нәтиже берді. Республика бойынша НОМ-дегі ОЖСБ-ның орташа балы – 31,6 балл.

2016 жылы екі шекаралық аумақтағы ШЖМ-нен 47 білім алушы қатысты. Шығыс Қазақстан облысының білім алушылары 30 балға қол жеткізді. Павлодар облысының түлектері 17 балл көрсетті. Республика бойынша НОМ-дегі ОЖСБ-ның орташа балы – 21,9 балл, бұл 2015 жылдың нәтижелерімен салыстырғанда 9,7 баллға төмен.

2017 жылы екі шекаралық аумақтағы ШЖМ-нен 23 білім алушы қатысты. Білім алушылардың көрсеткен нәтижелері: Алматы облысы – 42,7 балл, Шығыс Қазақстан облысы – 58 балл. Республика бойынша НОМ-дегі ОЖСБ-ның орташа балы – 50,35 балл, бұл 2016 жылдағыдан 28,45 баллға жоғары (60-61 диаграммалар).

60-61 диаграммалар. Шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының НОМ бойынша ОЖСБ-ның нәтижесі мен қатысушылар саны



Облыстар	2015		2016		2017	
	Қатысушы саны	Орташа балл	Қатысушы саны	Орташа балл	Қатысушы саны	Орташа балл
Алматы					9	42,7
Батыс Қазақстан	18	19,8				
Қостанай	5	36,8				
Оңтүстік Қазақстан	17	31,5				
Павлодар			17	1		
Шығыс Қазақстан	27	38,19	30	42,85	14	58
ҚР	67	31,60	47	21,9	23	50,35


Шекаралық аумақтағы ШЖМ жалпы орта мектебі (ЖОМ) бойынша ОЖСБ-ны талдау.

2015 жылы ОЖСБ-ға шекаралық аумақтағы ШЖМ-нен ОМ бойынша сегіз аймақ қамтылып, 223 білім алушы қатысты және республика бойынша 58,1 орташа балл көрсетті. Ең үздік нәтиже көрсеткен Қостанай облысының білім алушылары болды, 168,4 балл.

2016 жылы үш аймақтан 134 білім алушы қатысты. Білім алушылардың көрсеткен нәтижелері: Шығыс Қазақстан облысы бойынша – 36,78 балл, Батыс Қазақстан облысында – 25,3 балл және Солтүстік Қазақстан облысында – 22,5 балл. Республика бойынша орташа балл 28,19 құрады, бұл 2015 жылғы орташа баллдан 29,91 баллға төмен.

2017 жылы үш аймақтан 128 білім алушы қатысты, республика бойынша ОЖСБ-ның орташа баллы 45,6 құрады, бұл 2016 жылғы орташа көрсеткіштен 17,41 баллға жоғары. Білім алушылардың көрсеткен нәтижелері: Ақтөбе облысы бойынша – 37,9 балл, Шығыс Қазақстан облысы – 76,33 балл) және Батыс Қазақстан облысында – 22,7 балл (62-63 диаграммалар).

62-63 диаграммалар. Шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының ОМ бойынша ОЖСБ-ның нәтижесі мен қатысушылар саны



Облыстар	2015		2016		2017	
	Қатысушы саны	Орташа балл	Қатысушы саны	Орташа балл	Қатысушы саны	Орташа балл
Ақтөбе	3	33,3			15	37,9
Алматы	16	26,5				
Батыс Қазақстан	35	37,03	27	25,3	35	22,7
Жамбыл	28	35,2				
Қостанай	78	168,4				
Павлодар	24	5				
Солтүстік Қазақстан	25	105,12	26	22,5		
Шығыс Қазақстан	14	54,3	81	36,78	78	76,33
ҚР	223	58,1	134	28,19	128	45,6

Орта білім беру жүйесінің қызметін жетілдіру бойынша басқарушылық шешімдер қабылдауға, білім беру сапасын бағалау үшін пайдаланылатын ҰБТ және ОЖСБ нәтижелері, біздің жалпы білім беретін мектептеріміздің білім беру сапасына басқа елдермен салыстырмалы түрде талдау жасауға мүмкіндік бермейді. Ол үшін TIMSS, PISA, PIRLS және т.б. білім беру саласындағы Халықаралық салыстырмалы зерттеулерге қатысу қажет.

TIMSS және PISA елдер арасындағы мектептегі білім беру сапасын салыстырудың жалпыға бірдей танылған жалғыз ғана құралы болып табылады.

TIMSS пен PISA-ның арасындағы айырмашылық, ол:


- TIMSS-ке 4-сынып және 8-сынып оқушылары, PISA-ға 15 жастағы оқушылары мен колледж студенттері қатысады;

- TIMSS, ол 4 жылда бір рет академиялық білімді өлшеп бағалайды (Не? Қайда? Қашан). Білімнің 80% -ы білімді жаңғыртуға бағытталған;

- PISA болса, 3 жылда бір рет білім алушылардың құзыреттілігін бағалайды (Неге? Не үшін? Қалай?), PISA-ның сұрақтарының жартысынан астамы алған білімдерін әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдануын бағалайды.


Бұл зерттеулерге Қазақстан үш рет қатысты (TIMSS – 2007, 2011, 2015 ж; PISA – 2009, 2012, 2015). PISA-дағы Қазақстанның нәтижелері (64-диаграмма).

64-диаграмма. PISA-дағы Қазақстанның нәтижелері



Білім беру ұйымдарының аумақтық тиесілігі функционалдық деңгейді, оқу сауаттылығын айқындайды. АТО деректері бойынша PISA-2015-те аймақтар арасындағы айырмашылық 91 балды құрайды, бұл 3 жылғы оқуға тең. Қалалық оқушылар өздерінің ауылдық құрдастарынан бір жылға озық (65-66 диаграммалар).

65-66 диаграммалар. Аумақтық тиесілігі бойынша оқушылардың білім деңгейі




Пән	PISA-2015		TIMSS-2015	
	қала	ауыл	қала	ауыл
Математика	472	447		
Оқу	440	414		
Жаратылыстану	4 класс		565	534
	8 класс		552	515

Егер шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің PISA және TIMSS-ке қатысуларын қарастырсақ, онда PISA – 2015-тің қорытындысы бойынша үш аймақтан

(Ақтөбе, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстары) шекаралық аумақтағы ШЖМ-нің 46 білім алушылары қатысқан. Республика бойынша орташа балл 25,8 балды құрады. Шығыс Қазақстан облысының шекаралық аумақтағы ШЖМ-нен қатысушылары 30,6 балл көрсете алды, Жамбыл облысының білім алушылары 21 бал көрсетті. PISA, TIMSS-ке қатысқан Ақтөбе облысының білім алушылары тапсырмаларды орындамаған (67-68 диаграммалар).

67-68 диаграммалар. Шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларының PISA – 2015, TIMSS – 2015 қатысушылар саны мен нәтижелері



Олыстар	PISA - 2015		TIMSS – 2015	
	Қатысушылар саны	Орташа балл	Қатысушылар саны	Орташа балл
Ақтөбе	28		28	
Жамбыл	7	21		
Шығыс Қазақстан	11	30,6		
ҚР	46	25,8		

Талдау қорытындысының негізінде шекаралық аумақтағы ауылдық мектептердегі, оның ішінде ШЖМ-дегі білім беру процесін жетілдіру жұмыстарының негізгі бағыттарын атап көрсетуге болады:

- шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларына білім алу траекториясын кеңейтуге мүмкіндік беретін, көптүрлі білім беру бағдарламаларымен қамтамасыз ету;
- білім алушылардың әртүрлі категорияларына, олардың қабілеттеріне, жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес толыққанды білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге ықпал жасау;
- білім беру бағытындағы әлеуметтік жобаларды әзірлеу арқылы, ШЖМ оқушыларын әлеуметтендіру мүмкіндіктерін кеңейту;
- оралман балаларды бейімдеу және инклюзивті оқыту;
- шекаралас мемлекеттердің мектептерімен ынтымақтастық;
- ата-аналармен байланысты жандандыру;
- қосымша тапсырмалармен ОЖСБ-ға дайындықты күшейту;

- шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларын мектеп бітіру емтихандарына және ҰБТ-ға дайындау;
- жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық цикл мұғалімдеріне шекаралық аумақтағы ШЖМ білім алушыларын олимпиадаларға мақсатты дайындау үшін сабақ барысындағы және сыныптан тыс оқу іс-әрекеттерінің барлық түрлерін пайдалану;
- бейіндік пәндерді тереңдетіп оқыту.

2. Шекараға жақын ауыл мектептеріндегі, оның ішінде ШЖМ-дегі, білім беру процессін жетілдіру жөнінде әдістемелік ұсынымдар

Жүргізілген талдау негізінде шекараға жақын ауыл мектептеріндегі білім беру процессін ұйымдастырудың мынадай ерекшеліктерін атап өтуге болады:

- ауыл мектептерінде ШЖМ-ң үлесінің көп болуы;
- оралман-балалардың бейімделуі және инклюзивті оқуы;
- шекаралас мемлекеттердің мектептерімен ынтымақтастық;
- қосымша білім беру қызметіне жеткіліксіз қолжетімділік.

Ауыл мектебі, бір жағынан, ауыл өмірінде болып жатқан өзгерістерді, қиыншылықтарды жылдам сезінеді, екінші жағынан мектептің өзі ауылдың әлеуметтік мәселелерін шешуде елеулі әсер етуге, айналада болып жатқан оқиғаларға жылдам жауап беруге мүмкіндігі бар. Мектептің дамуы оның әлеуметтік қоршаған ортасына, ауылдық социумның тәрбиелік әлеуетіне байланысты. Шекаралас мемлекеттердің тұрғындарының арасында өзара қарым-қатынас жүйесіне тікелей әсер ететін жергілікті рухани және ұлттық дәстүрлердің тұрақты қалыптасуы мүмкін. Мектеп бұл жағдайда ең жақсы прогрессивтік идеяларды, дәстүрлерді тасымалдаушы, олардың генераторы және трансформаторы болу функциясын табысты атқара алады.

Қалалық мектепке қарағанда ауыл мектебінің әлеуметтік ортамен өзара қарым-қатынас орнатуда мүмкіндігі әлдеқайда мол. Ортаның талаптарын орындауға бейімделген немесе олармен тең қарым-қатынаста болатын қалалық мектептен айырмашылығы ауыл мектебі өзіне жақын орналасқан әлеуметтік ортаны өзіне ыңғайландырады, соның арқасында ортаның тәрбиелеуші ретінде мүмкіндігін кіріктіре отырып, оны тәрбиелеуші ортаға айналдырады. Тәрбиелеу мазмұнын, оқушылардың ортадағы тәрбиелік барлық іс-қимыл түрлерін қамтамасыз етуді, жұмыс нысандарын жаңартуды жетілдіруге болады, ол үшін мынадай жұмыс түрлері атқарылуы қажет:

- ата-аналар қоғамдастығы қамтылуы қажет;
- мәдени мұралардың зерделенуі, оларды шекараға жақын орналасқан мектептердің ынтымақтастығы бойынша іс-шаралар жоспарына енгізу;
- іс-шараларға өзара қатысу;
- мәдени орталықтарға бару;
- мектептердің ғылыми бірлестіктерін құру және тәжірибемен алмасу.

Шекараға жақын орналасқан шағын жинақты мектептердегі білім беру процесстерін жетілдіру

Бүгінгі күні шекараға жақын аумақтарда орналасқан 569 ауыл мектебінің 418-і (73,5%) шағын жинақты мектептер болып табылады. Олардың аудан орталықтарынан және бір-бірінен алыста орналасуларына байланысты бұл мектептердің көпшілігі (90%) ресурстық орталықтармен қамтамасыз етілмеген.

ШЖМ білім алушыларының білім сапасын көтеру жөнінде мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында академияның сайтында орналасқан қолжетімді мынадай әдістемелік ұсынымдар мен құралдар әзірленген:

- негізгі орта мектеп деңгейінде ШЖМ біріктірілген сыныптары үшін білім берудің жаңартылған мазмұнды оқу бағдарламаларын бейімдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар;

- негізгі орта мектеп деңгейінде деңгейінде біріктірілген сыныптар үшін пәндер бойынша ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлардың үлгілері;

- ШЖМ жағдайында ЖМБ пәндерін тереңдетіп оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар;

- ШЖМ жағдайында ҚГБ пәндерін тереңдетіп оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар;

- Шекараға жақын орналасқан ШЖМ оқу процессін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар;

- ШЖМ үшін тірек мектептерінің базаларында қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар;

- ШЖМ педагогтерінің АКТ құзыреттілігін арттыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.

ШЖМ-де, оның ішінде шекараға жақын орналасқан ауыл мектептерінде, ЖМБ және ҚГБ пәндерді оқыту және ұйымдастыру деңгейлерінің ағымдағы жағдайларын анықтау үшін жүргізілген мониторингтік зерттеу білім алушылардың республика деңгейінде жыл сайын өтетін пәндік олимпиадаларға және оқушылардың жобалық жұмыстарына қатысу нәтижелері деңгейінің төмен екенін көрсетті. Сондықтан балалардың қабілеттерін және олардың қызығушылықтарын анықтай отырып, оларды саралап және деңгейлеп оқытуды әрі қарай жоспарлауда, олардың білім деңгейлерін тереңдету үшін салмақты тың тәсілдерді қолдану қажеттілігі туындап отыр. Және бұл жағдайда ШЖМ сыныптарының толымдылығының аздығы білім алушыларды толықтай қамтуға және оқу процессін оңай басқаруға мүмкіндік береді.

ШЖМ жағдайындағы бүгінгі күнгі өте күрделі мәселелерінің бірі педагог кадрлардың жетіспеуі болып табылады. Әзірше бұл проблема басқа мектептерден қосалқы педагогтер (совместители) тарту арқылы шешімін тауып отыр. Шекараға жақын орналасқан ауыл мектептерінің бір-бірінен алшақтығы басқа мектептерден педагогтерді тартуға үнемі мүмкіндік бере бермейді.

Білім беруді сандық жүйеге көшіру жағдайында қашықтықтан оқыту білім алуды ұйымдастырудың тиімді нысаны және басым бағыттарының бірі болып табылады [4]. Сондықтан жеке пәндерді қашықтықтан оқытуды практикаға енгізу, пән мұғалімдерінің сабақтарының бейне таспасын қолдану және оны тұрақты онлайн кеңес беріп отырумен кезеңдестіріп пайдалану ұсынылады. Шекараға жақын орналасқан ауыл мектептері жағдайында

жұмыстың осындай практикасын іске асыру үшін тірек мектептерінің ресурстық әлеуетін қолдану қажет. Мұғалімдер мен оқушылардың коммуникация әдісін таңдағаннан кейін қашықтықтан оқытуда пайдаланатын әдістерін мынадай түрге жіктеуге болады:

1) білім алушының білім беру ресурстары арқылы мұғалімнің қатысуы аз орын алатын бетінше білім алу (өзіндік оқу) әдісі. Бұл әдістерді дамыту үшін мультимедиалық тәсіл қолданылады, оның барысында әртүрлі құралдар, білім беру ресурстары: баспа, аудио және бейне материалдар, материалдар қоры, электронды кітапхана және т.б. әзірленеді.

2) саралап оқыту әдістері, бұл жағдайда мұғалім тарапынан әрбір оқушыға немесе бір оқушы екінші оқушыға жекеленген тәсілдер арқылы білім береді. Бұл әдістер қашықтықтан білім беруде мынадай технологиялар: телефон, дауысты пошта, электронды пошта арқылы жүзеге асырылады. Компьютерлер жүйесі арқылы байланыстағы бейне тәлімгерлердің (тьюторлар жүйесі) дамуы ШЖМ-да оқу процессінің маңызды компоненті болып табылады.

3) мұғалімдер білім алушыларға оқу материалдарын электронды форматпен беретін, оның барысында білім алушылар үшін коммуникация маңызды орын алмайтын тәсілге негізделген әдістер.

4) оқу процессі барлық қатысушылардың өзара белсенді қарым-қатынасына негізделген әдістер.

Осы аталған әдістердің маңызы және оларды пайдалану қарқындылығы білім алушылардың ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдануының дамуына байланысты артады. Білім беру мазмұнының жаңаруына байланысты жаңа педагогикалық тәсілдер енгізілуде, оның барысында білім алу үшін тек қана мұғалімдер мен білім алушылардың өзара қарым-қатынасы ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың бір-бірімен өзара қарым-қатынасы маңызды болып табылады. Осы тәсілдердің дамуы тірек мектептері базалық орталық болып табылатын мектептерде ұжымдық оқу дискуссияларын және вебконференцияларды жүргізумен байланысты.

Оқу процессін жүргізу әдістемесі тұрғысында «ШЖМ үшін тірек мектептерінің базасында қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру» туралы әдістемелік ұсынымдарда [5] екі модель ұсынылған болатын: виртуалды мектеп және интеграциялық модель. Қолданыстағы Ережеге сәйкес осы екі модель қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процессін ұйымдастырудың барлық түрлерін (теледидарлық технология, желілік технология және кейс-технология) қамтиды [6].

Сонымен қатар қазіргі кезде білім беруді дараландыру, ШЖМ-де АКТ қолдануды Интернет желісіне тәуелсіз енгізуді іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. ШЖМ-да білім беру процессін ұйымдастыру барысында BilimBook білім беру жүйесі қолданылуда, ол Bilim Media Group компаниясының BilimLand.kz универсиалды білім беру платформасы базасында жетекші технология мен тәжірибелер негізінде халықаралық білім беру орталықтарымен тығыз ынтымақтастықтың нәтижесінде жасалған.

Бұл жобаның мақсаты – қалалық және ауылдық мектептердің білім беру сапасы айырмашылықтарын азайту, инновациялық педагогикалық технологиялар мен әдістер арқылы оқыту сапасын арттыру үшін ШЖМ-да персоналды оқыту құралдарын енгізу, Интернет желісінің мүмкіндіктеріне тәуелсіз АКТ қарқынды енгізу болып табылады.

Бүгінгі күні ауылдық инфрақұрылым объектілерінің материалдық жабдықталуының минималды талаптарына жауап беретін келісімдерді әзірлеудің күрделілігі, білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында көптеген жетекші кадрлардың тәжірибесінің аздығы, мектептердің дербестігін реттейтін жергілікті құқықтық нормаларды әзірлеу тәжірибесінің жоқтығы ауылдық шекаралық мектептер жағдайында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың сапасына әсерін тигізуде. Бұған дейін жүргізілген талдау қазақстандық және шетелдік шағын комплектілі ауыл мектептерінің проблемаларының ұқсастығын көрсеткен болатын. Олар: экономикалық және білім беру тұрғысынан алғанда тиімділігінің төмендігі, оқу процесін ұйымдастырудың күрделілігі, оқыту әдіснамасының жетіспеушілігі, адами және білім беру ресурстарының тапшылығы, педагогтердің мотивациясының төмендігі.


Қазіргі кезде ауылдық шағын мектепті дамыту мәселесі жинақталған проблемаларды шешудің кешенді тәсілін қажет етеді, және ол өңірлік факторларға тәуелді. Ондағы білім алушылардың саны өте аз болса да, шағын жинақты мектептерді сақтап қалу, бұл біздің еліміздің жағдайында шекара аумағындағы ауылдық елді мекендерді дамытудың қажеттілігімен байланысты. Демек, жергілікті билік органдары ауыл мектептерін дамытуға барлық құрылымдарды тарту шараларын қолға алуы тиіс, олар шағын жинақты ауыл мектептерінің орналасуының аймақтық ерекшеліктерін ескере отырып, вариативті дамыту стратегияларын әзірлеуге қатыса алатын ұйымдар болуы қажет. Бірлескен жоспар негізінде олар шағын жинақты мектептерді қолдау бойынша аймақтық кешенді бағдарлама әзірлеуі және оны аймақтың даму индикаторына қосуы қажет. Себебі, білім беру жүйесінің құрылымдары білім беру ұйымдарындағы оқыту процесін жүзеге асыруда оларды тек оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз етіп отыруға құзырлы. Еліміздің шағын жинақты мектептерінің жұмыс ерекшеліктерінің бірі, ондағы әртүрлі жастағы оқушылардың біріктірілген сыныптарға топтастырылып оқытылуы. Бұл ерекшелігі оны ескеріп қана қоймай, сонымен қатар оқу процесін жетілдіру бойынша нақты шараларды қолға алуды қажет етеді.

Әртүрлі институттармен: отбасы, басқа білім ұйымдарымен, денсаулық сақтау саласы, мәдени-сауық орталықтарымен, шаруашылық субъектілерімен, құқық қорғау органдарымен, үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдармен әлеуметтік ынтымақтастықты жан-жақты дамыту, шекара аумағындағы ауыл мектептерінің жұмыс тиімділігін арттырады.

Ұсынылып отырған алгоритм үлгісі ауылдық мектептің ұйымдастырушылық құрылымын жүйелендіруге көмектеседі (1-сызба). Мектептің даму жоспарын білім мазмұнын жаңарту бойынша деңгейлік курстардан өткен мұғалімдермен бірлесіп әзірлеу, білім беру практикасын

жетілдіруге ықпал ететін қазіргі таңдағы білім беру процесінің күн тәртібінде тұрған мәселелерді ескеруге көмектеседі.

1-сызба. Мектепті дамытудың кешенді жоспарын әзірлеу алгоритмі



Оралман-балалардың бейімделуі және оларды инклюзивті оқыту

Шекараға жақын ауыл мектептеріндегі оралман-балаларды оқыту процессінің жеке элементтерін салыстырмалы талдау мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

- жалпы бейімделу мүмкіндіктерінің деңгейінің жоғары болуы, нақты айтқанда дамытушы оқу тапсырмаларын орындауға, оның ішінде функционалдық сауаттылыққа дайындықтың жоғары болуы. Бұл оқытудың тұлғалық, пәндік нәтижелілігіне бағытталған жаңа МЖМБС оқыту мақсаттарымен сәйкес келеді;

- жекелендіріп, саралап оқытуға бағытталған оқытудың жеке тұлғалық-бағыттылық сипаты әртүрлі жастағы біріктірілген топтардағы сабақтардағы көп көлемді өзіндік жұмысты меңгеру мүмкіндігін көрсетті;

- олардың білімінің мазмұнының көп жағдайда жаңа МЖМБС талаптарына сәйкес келетін оқу іс-әрекетінің аксеологиялық және операциялық компоненттеріне бағытталуы;

- коммуникативтілігі және интерактивті оқуға дайын болуы.

Әсіресе, бұлар Қытайдан келген балаларға тән. Сондықтан, бұл балаларды ауылдық мектептерде оқыту процесі бір жағынан әлдеқайда жеңіл болады, екінші жағынан жазуға байланысты бейімделулері қиындық тудырады. Қазіргі кезде бүкіл әлемдегі қазақтардың ауызша сөйлеуінде ешқандай айырмашылық жоқ деуге болады, алайда әр елде тұратын қазақтардың жазбаша жазуларында айырмашылықтар бар. Мысалы, Өзбекстан мен Түркменстанда тұратын қазақтар латын алфавитін қолданады, ал Қазақстанда, Моңғолияда Ресейде кириллица пайданылады. Еуропадан келген қазақтар латиницада жазуға үйренеді. Қазақ мәтіндерін жазу мен оқуда ең ауыр қиындық Қытайдан келген қазақтарда туындайды, себебі Қытайда араб графикасы – «төте жазу» қолданылады [7].

Қазақстанның жалпы білім беру мектептерінде орыс тілін оқытуға байланысты және қазақ пен орыс тілдерінің кең ауқымды өзара қарым-қатынасына байланысты бір елеулі фактор бар. Осы айтылған жағдайлар репатриант-қазақтың қай елден келгеніне байланысты қандай тілдік дәстүрлер және тілдік тәжірибелері бар екендігіне қарай екі түрлі болады.

Шекараға жақын орналасқан оралман-балалар контингенті бар ауыл мектептеріндегі педагогтердің арасында жүргізілген сауалнама балаларға негізінде гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқу қиындық тудыратынын көрсетті.

38 - кесте. Шекараға жақын орналасқан мектептердегі оралман-балаларды оқытуда кездесетін қиындықтарды анықтау жөніндегі педагогтер арасында жүргізілген сауалнама бойынша деректер

Облыс	Сауалнамаға қатысқан мектептер	Пәндерді оқытудағы қиындықтар							
		қаз. тілі	орыс тілі	ағыл. тілі	матем.	геогр.	химия	физика	биол.
СҚО	«Сарытомар» орта мектебі								
	Полудинская орта мектебі								
Павлодар обл	№4 "Иртышская" ОМ								
ШҚО	«Сарыөлең» ОМ								
	Қ. Сатпаев атындағы НОМ								
	«Топтерек» НОМ								

Тек Қ.Сатпаев атындағы НОМ-те жұмыс істейтін педагог 8-сынып оқушысының қиындығы химия пәнімен байланысты екенін көрсетті, себебі оқушы ол пәнді бұрын оқымаған. Алынған ақпараттар 2017 жылы Ұлттық білім академиясының қызметкерлері оралман-балалардың арасында жүргізген әлеуметтік сауалнаманың деректерімен де сәйкес келіп отыр, онда балалар тілдік пәндерді оқуда жазу, оқу және ауызша сөзді қабылдау кезіндегі қиындықтарды көрсеткен болатын [8, 177-179 б.].

Педагогтер оқудағы артта қалуды жою үшін ұйымдастырылған қосымша сабақтардағы балалардың жоғарғы белсенділігін атап көрсетті.

69-диаграмма. Шекара аумағындағы ауыл мектебі оқушыларының мотивация көрсеткіші.



Білім берудегі бейімдеудің аса маңызды проблемасы білім беру жүйесі арқылы өзінің этномәдениетін сақтап қалуға байланысты туындайды.

Бейімделу процесі үш деңгейде өтеді:

1) оқыту – екінші тілді меңгеру (ауызша, жазбаша) деңгейін көтеру, мектептің дәстүрлі пәндер циклін меңгерудегі кейін қалуды жеңу;

2) сөйлесу – өз замандастарымен тұлғааралық қарым-қатынас процессін жолға қою;

3) мәдени байыту – оралман-балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, оларға бір сыныпта оқитын балалар тарапынан оң қарым-қатынас орнату арқылы тиісті жағдай жасау, оларда мәдени үлгілерге сәйкес даярлықтарды қалыптастыру [8,107 б.].

Педагогтер оралман-балалардың коммуникативтілігін және төзімділігін атап көрсетіп отыр, сонымен қатар балалар үшін алғашқы бейімделу кезеңіне 2-3 ай мерзім керек екенін растады.

39 - кесте. Шекараға жақын орналасқан ауыл мектептері педагогтерінің оралман-балалардың бейімделуіне қатысты сұрақтар бойынша сауалнама ақпараты

Облыс	Сауалнамаға қатысқан мектептер	Әлеуметтену		
		бейімделу (ай)	ассимиляция (ай)	аккомодация (ай)
СҚО	Сарытомар орта мектебі	2,3	6	12
	Полудинская орта мектебі			
Павлодар облысы	№4 "Иртышская" ОМ			
ШҚО	Сарыөлең ОМ			

	Қ. Сатбаев атындағы НОМ		
	Топтерек НОМ		

Балалардың бейімделуінде сынып ұжымын біріктіруге бағытталған психологиялық тренингтер маңызды роль атқарады. Психологиялық диагностика міндетті түрде бейімділудің алғашқы, орта және қорытынды кезеңдерінде жүргізіледі. Мәдени байыту бағытты демалыс ұйымдастыруды, мектептің сыныптан тыс спорттық-денсаулық сақтау, мәдени, туристік және басқа да іс-шаралар арқылы тарихпен, мәдениетпен, жергілікті дәстүрлермен танысуын көздейді. Бұл іс-шаралар негізінде репатриант-балалардың жаңа ортаға бейімделуі үшін атқарылады. Мәдени өзара қарым-қатынас мектептің үйірмелік, сыныптан тыс жұмыстарының кең ауқымдылығын арттырады, бұның өзі білім беру мәселелерін шешіп қана қоймай, сонымен қатар балалардың социумға бейімделу мәселелерін шешуге де көмектеседі.

2017 жылы Академия әзірлеген оралман-балаларға тілді оқыту жөніндегі әдістемелік ұсынымдарда жалпы білім беру мектептерінде оралман-балаларға оқу процессінде тілді оқыту бойынша педагогтерге және мектеп басшыларына арналған ұсынымдар жасалған болатын, бұл ұсынымдар Академия сайтында орналасқан www.nao.kz [8].

Оралман-балаларды оқыту барысында оларды жеке сүйемелдеудің негізгі кезеңдері мыналарды қамтиды:

- ақпаратты жинау;
- алынған ақпаратты талдау;
- білім алушылар үшін көмектесудің жеке кешенді жоспарын, біріге отырып ұсынымдар әзірлеу;
- білім алушылардың проблемаларын шешудің жолдары мен әдістері туралы сүйемелдеуге барлық қатысушыларға кеңес беру;
- сүйемелдеудің әрбір қатысушысының ұсынымдарды орындауы;
- атқарылған жұмыстардың қорытындыларын талдау;
- оқушының білімін жетілдіру бойынша әрі қарай талдау жасау және жұмыс жоспарына өзгерістер енгізу.

Барлық көрсетілген кезеңдердің шартты екеніне көңіл аудару қажет, себебі әрбір баланың өз проблемалары бар және оны шешу үшін жеке тәсіл қолдану қажет болады.

Оқыту деңгейінде сыныптан тыс жүргізілетін сабақтар үшін сараланған топтар құрылады немесе жеке сабақтар ұйымдастырылады. Педагогтер білім деңгейі, психологиялық ерекшеліктері және бейімделуінің этномәдени заңдылықтарын ескере отырып, пәндік тілдік ортаға балаларды қалыптастыру үшін жеке білім беру траекторияларын анықтайды. Тілдік ортаға қалыптастыру

біріктірілген сыныптардағы оқытуды да қамтиды, ол сыныптарда репатрианттардан басқа қазақ/орыс тілдері ана тілі болып саналатын балалар да оқытыны ескеріледі. Оралман-балалар үшін сөйлету деңгейінде жұмыстарды ұйымдастыру оқу процесі барысында ғана емес, сонымен қатар сабақтан тыс жұмыстарда да жүргізіледі.

Сонымен тілдік жұмыстың маңызды кезеңі репатриант-баланы алғаш мектептің шағын ортасына енгізу, одан кейін біртіндеп оның шеңберін барлық сфера үшін, сөйлесу ситуацияларына байланысты кеңейту болып табылады. Л.С.Выготский оқыту мен дамытудың ішкі байланысын «жақын дамыту аймағы» түсінігінде көрсеткен болатын, оның мағынасы: алдыңғы кезеңде бала проблемаларды өзге адамдардың көмегімен шешеді, келесі жолы өзі жеке шешетін болады. Оқыту дамудың ішкі процессін қозғалысқа келтіреді. Алғашқы кезде бала ортамен қарым-қатынас орнатады және жолдастарымен ынтымақтастықта болады, тек содан кейін ол қатынастар ішкі даму процессіне әсер ету арқылы баланың өз жетістігіне біртіндеп айналады.

Табысты дамуы үшін нақты іс-әрекеттің қажеттілігі баланың өзінде пайда болады. Педагог оралман-балалардың мектепте болған кездерінде пәнге деген қызығушылығын олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, туындата білуі қажет. Ол пәндерді қажеттілігіне ғана байланысты оқып қана қоймауы керек. Бір ауыл мектебінде оралман-балалармен әңгімелесу барысында олардың орыс тілін оқуға қызығушылық танытпай отырғандары белгілі болды. Қазақ тілінде оқытатын ауылдық мектептің жеті білім алушылары педагогпен әңгімелесу барысында «оқу барысында қандай пәнді оқу қиындық туғызады?» деген сұрағына «Орыс тілі мен әдебиеті» және қазақ тілінің жазылуы деп жауап берді. Балалар бір ауыздан математика ұнайды деп жауап берді және оған жаратылыстану-математика бағыты пәндері бойынша өткізілетін әртүрлі интеллектуалды олимпиадалардағы балалардың жақсы нәтижелері дәлел бола алады. Қытайдың Нылқа ауданынан келген Батырәлі А. есімді 5-сынып оқушысымен болған әңгімеден мынадай үзінді келтіруге болады: «Мен басқа балалармен жылдам ортақ тіл тауып кеттім. Маған «Математика» пәні ұнайды, әртүрлі есеп шығарғанды, логикалық тізбектерді есептеуді, математикалық ребустарды шешуді ұнатамын. «Пони» халықаралық олимпиадасында үшінші орын алдым. Мен қазақ тілінде жазуды үйреніп алдым. Бірақ маған орыс тілін оқу өте қиынға соғып жүр. Біз үйде және мектепте бір-бірімізбен қазақ тілінде сөйлесеміз, сондықтан орыс тілін оқығым келмейді». Сондықтан оқушылардың ынталануларының төмен болуы тілдік ортаның болмауы деп түсінуге болады. Осыған байланысты орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің алдында мынадай мәселелер тұр деп қарауға болады:

1. Дүниетанымды қалыптастыру және әлемді тану үшін тілдердің ролін айтып түсіндіру қажет.

2. Оқушыларға өз әлеуеттерінің мүмкіндігін терең ашып көрсетуге мүмкіндік беретін білім беру жағдайларын қамтамасыз ету қажет.

3. Педагогикалық ізденістерді оқытудың тиімділігін инновациялық және білім беру процесстерін интеграциялау арқылы арттыруға бағыттау қажет.

4. Саралап оқытудың жаңа тиімді оқыту технологиялары мен бағдарламаларын қолдану қажет.

5. Оқушылардың үлгеріміне және білім сапасына мониторинг жүргізуді жалғастыру қажет. Мына төмендегі Эйлер-Венн диаграммасында (диаграмма 69) педагогтің жұмысының нәтижелілігіне оң әсер ететін алғышарттар көрнекі көрсетілген:



Осы әдістемелік ұсынымдарды дайындау барысында гуманитарлық пәндердің тәжірибелі педагогтері ауылдық мектеп мұғалімдерінің оралман-балалармен жұмыс практикасын зерделеуге көп көмек көрсетті. Олардың мұғалімдердің рефлексивті тұжырымдарымен, білім алушылармен кері байланыс материалдарымен танысып жасаған қорытындылары негізінде, тілді оқыту процессі кезеңдерінің заңдылықтарын сақтау жөнінде ұсынымдар жасады.

Жеңілдетіп айтқанда, мәтінді оқу дағдыларының қалыптасуы мынадай кезеңдерден тұрады:

- дыбысқа байланысты әріпті тани білу;
- бірнеше әріптің буынға айналуы;
- бірнеше буынның сөзге айналуы;
- бірнеше оқылған сөздердің бірігіп сөйлемге айналуы.


Оқылым негізі - шыққан дыбысқа байланысты әріпті тани білу. Бұл кезең бірнеше сатыдан тұрады: дыбысты күші, биіктігі, тембрі бойынша айыра білуден бастап (сөйлеу барысында ғана емес) оны талдау және синтездеуге

дейінгі кезең. Осының барысында әріптермен танысқанда оны дыбыстаудан дыбыстық-әріптік талдауға оңай өтуге болады, одан әрі талдаудан кейінгі синтезге өту, былайша айтқанда алфавитті танып оқуға өту жеңілдейді. Буындармен таныстыру тәртібі аса маңызды емес, ол кириллица бойынша алфавитті меңгерту үшін таңдаған әліппеңіз арқылы анықталады. Кейбір әліппеде әріптердің қолдану жиіліктеріне байланысты біртіндеп оқытылады, екінші жағдайда балалардың дыбыстарды қалыптастыру реттілігіне сәйкес беріледі, үшінші жағдайда педагогтердің өздері таңдаған жүйелігімен оқытылады. Өз бетінше оқығанда баланың мәтінді түсініп оқуын мақсатты түрде қалыптастыруға аса көп көңіл бөлінуі тиіс. Бұған әртүрлі белсенді жаттығулар және ойындар көмектеседі.

Бұл процесс баланың өз аяғына тұру сатыларына ұқсас екендігін мұғалімдер естен шығармаулары қажет:

- отыру;
- еңбектеу,
- тұру;
- жүру.

Практикада балалардың денсаулығына, жеке биологиялық даму ерекшеліктеріне байланысты кеш жүруі байқалғанда (мысалы 3-жаста немесе 4-5 жаста), кез келген жағдайда ол міндетті түрде аяққа тұрудың барлық сатыларынан өтетіні белгілі.



Оралман-балалар үшін кириллица негізінде алфавитті тез меңгеру өте маңызды, себебі ол оның басқа пәндер бойынша үлгеріміне тікелей әсер етеді, себебі ауызекі сөйлеу тілінен бөлек, мәтінді оқи білу және жаза білу дағдысын

меңгеру аса қажет. Бүгінгі күні көптеген алтернативті баспадан шыққан варианттардың ішінен қажетті әліппені (азбука) таңдап алу мүмкіндігі бар. Мысалы, әліппелердің ішінде алфавитті оқытып-үйрету үшін көпжылдық стажы бар логопедтер әзірлеген оқулықтар да бар. Бұл оқулықтар ойын арқылы ғана емес, балаларға оқу техникасын меңгертуге көмектеседі [9]. Сондықтан педагогтерге өз жұмысында жоғарыда айтылғандармен қатар тілге оқытудың интеграцияланған әдісін таңдау ұсынылады, бұл әдіс қиын айтылатын дыбыстарды айтқызу тәсілдерін қарастырады. Оралман-балаларға алфавитті үйрету алгоритмін мынадай ретпен құруға болады:

2-сызба. Оралман-балаларға алфавитті үйрету алгоритмінің үлгісі



Сонымен қатар, мұғалімдердің оралман-балаларға кириллица негізіндегі алфавитті меңгерту жұмыстарының барысында қосымша сабақтарын ұйымдастыруға көмек ретінде педагогтер мен логопедтердің тәжірибесінен бірнеше тиімді әдістемелерді ұсынамыз:

Р/н	Оқыту әдістемесі	Күтілетін нәтижелер
1	Б. Элькониннің дыбыс-әріп жүйесі	Фонетико-фонематикалық естуді дамытатын оқуға дайындық деңгейі, ойын арқылы дыбыстарды дұрыс айтуға үйретеді.
2	Зайцевтің әдістері	Оқытудың құрастыру әдісі, ол оқытатын кубиктер

		мен кестелердің көмегімен сенсориканы дамыту негізінде талдау және синтез арқылы ойлау қабілетін дамытуды қарастырады.
3	Г. Доманның әдістемесі	Тақырыптық карточкалар кластерін пайдалану, ол көзбен көру арқылы зейінді дамытуға, заттардың аттарын жаттауға көмектеседі. Бұл әдістеменің ерекшелігі, балалар сөздерді толық оқуға үйренеді.
4	Монтессори әдістемесі	Монтессори кабинетінің «тіл зонасы» ресурстарын (магниттік әріптер, бұдырлы (шершавый) алфавит, карточкалар және т.б.) және «шынайы өмір аймағын» қолдану, бұл арқылы ситуативтік диалогтар құруға болады.
5	Тумаланованың оқуға үйрету әдістемесі	Алфавитті бекітуге көмектесетін буындарды біріктірудің әртүрлі нұсқалары ұсынылады.
6	Оқуға үйретудің ассоциативті әдісі	Педагогикадағы жаңа тәсілдермен байланысы бар тілді үйренуге ынталандыратын әртүрлі ойындарды қолдану.


Ана тілінде сөйлейтін, бірақ жазу графикасын басқа алфавит арқылы меңгерген оралман балалардың сауатты жазу дағдысын қалыптастырудың тиімді жолдары

Ана тілінде білім беретін мектептерде мемлекеттік тілді оқыту оны жетік меңгерту мақсатын көздейді. Балалардың тілді тез меңгеру деңгейі олардың белсенді ортада болуына байланысты екені дәлелденген, себебі сөйлесім, тілдесім қажеттіліктен туындайды.

Ана тілін жетік меңгерген оралман балалардың жазба тілін дамыту жұмыстары олардың көп жағдайда жазу графикасын басқа алфавит арқылы меңгергендігіне байланысты қиындық туғызады. Бұл балалар мектеп қабырғасына келгенде, Қазақстан мектептерінде кириллица алфавитімен қайта хат таныту және сауатты жазуға үйрету жұмыстарының қажеттілігі туындайды, мұндағы негізгі мақсат - сауатты жазу дағдысын қалыптастыру. Алфавитті үйрете отырып, сауатты жазу дағдысын қалыптастыруда көрнекі құралдардың маңызы өте зор. Сондықтан «Сиқырлы әріптер мен сөздер әлемінде», «Әліппе» т. б. электронды оқулықтардың үлесі мол [10]. Мұнда қазақ алфавитіндегі әрбір әріптің, дыбыстың дұрыс таңбалануымен қатар, жазылу емлесі де түсінікті көрсетіледі. Жазу ажарының (каллиграфия) дұрыс қалыптасуына да оң ықпалы бар. Бұл көмекші құралдар тіл үйретудің алғашқы қадамдарындағы оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда пайдалы ресурстар болып табылады. Мысалы, баланың дауысты, дауыссыз дыбыстардың жіктелу жүйесін меңгеруінде дұрыс оқу мен дұрыс жазу дағдысы қалыптасады. Дыбыстар емлесін меңгертуде қазақ тіліндегі буын талғайтын дыбыстарға назар аударған дұрыс (о, ө, ұ, ү, ә). Бұл

дыбыстар қазақтың байырғы сөздерінде бірінші буында ғана жазылған, *ор, көрші, түлкі, әңгіме* т.б. Бұл дыбыстар сөз соңында кездеспейді.

Келесі кадам, қазақ тілінің грамматикасын меңгерту. Қазақ тілінің өзге тілдерде кездесе бермейтін заңдылықтары бар. Мәселен, Үндестік заңын меңгерген оқушы қатесіз жазуға үйренеді. Сөз ішіндегі дыбыстардың өзара үндесуі, біркелкі болып қолданылуы Үндестік заңына бағынады. Жалпы, қазақ тілі буын үндестігіне негізделеді, яғни қазақтың төл сөздері не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып келеді. Мысалы: «*бала, үй*» сөздеріне жалғау не жұрнақ жалғар болсақ, жуан нұсқа таңдаланады (*бала-ны, бала-лық, үй-дің, үй-шік*). Сонымен қатар, Үндестік заңына бағынбайтын қосымшалардың барын көрсету керек. Мысалы, меншік ұғымын білдіретін *-нікі, -дікі, -тікі* қосымшалары буын үндестігіне бағынбайды. *Асан-дікі, бала-нікі* т.б. Кірме сөздерде буын үндестігіне бағынбайтын жағдайлар бар, мәселен, *цех-тан, парк-тен, тарих-қа*. Дыбыс үндестігін меңгеруді де назардан тыс қалдырмау ұсынылады. Қатар келген екі дыбыстың үндесу заңдылығын меңгерту жазу сауаттылығын қалыптастыруда өте маңызды. Кейінді ықпалдың дұрыс жазылуда ескерілетін орындары: *қ,к,п* + дауысты дыбыс = *ғ,г,б* дауысты, мысалы, *жақ-жағы, көйлек-көйлегі, доп-добы*. Қатар келген екі дыбыстың біріншісі «п», ал екіншісі «-ып, -іп» жұрнағы болса, *п* дыбысы *у* дыбысына айналады. Мысалы, *қап-қауып, шап-шауып* т.б.



Сонымен қатар, қазақ тілінің жазылу мен айтылу заңдылығы бар: орфография, орфоэпия. Дегенмен қазақ тілінде көп сөздер қалай айтылса, солай жазылады. Сөздердің жазылуы мен айтылуындағы өзгешеліктердің көп болмауы оралман балалардың тілге бейімделуіне аса кедергі келтірмейді. Бұлар:

- дыбыс үндестігінде кездесетін, қатар келген екі дыбыстың бір-біріне әсер етуінен туындаған сөз түрленісі;

-еріндік дауыстылардың (ұ,ү,о,ө) өзінен кейін келген езулік дауыстыларға (ы,і,е) әсер етуінен туындаған сөздердің айтылуы.

Мысалы: *көзілдірік – көзүлдүрүк, жұлын – жұлұн, ақ ешкі – ағешкі т.б.*

Сауатты жазу дағдысын жетілдіруде күрделі сөздердің төрт түрінің ішіндегі кіріккен сөздер емлесін жетік меңгерту ұсынылады. Кіріккен сөздер құрамында кемінде бір дыбысы өзгеріп бірігіуіне байланысты пайда болған сөздердің шығу төркініне басты назар аудару керек. Мысалы: қарлығаш - қара ала құс, білезік – білектегі жүзік, биыл – бұл жыл, бүгін – бұл күн сөздерінің бірігіуінен жасалған [11].

Жазылымды меңгертудегі интерактивті әдістердің бірі – тілдік жаттығулар болып табылады. Зерттеушілер тілдік жаттығуларды тілдік және қатысымдық деп бөліп көрсетеді: «Тілдік жаттығулар тілдік бірліктерді фонетикалық, лексикалық, грамматикалық заңдылықтарға сәйкес меңгертуге бағытталады. Қатысымдық жаттығуларда берілген сурет бойынша сөйлем, мәтін құрастыру, аяқталмаған сөйлемді аяқтап жазу, сөздерді басқа сөздермен алмастыру, орны алмасқан сөздерді жүйелі құру сияқта тапсырмалар қамтылады» [12]. Тіл үйрету барысындағы жаттығулар бір- бірімен байланысты жеңілден ауырға қарай сатылап орындалғаны жөн. Жазылымды дамытуға арналған тапсырмалар жүйелі етіп берілсе, оқушының ойын дәлелдей жеткізіп, сауатты жазуға төселдіреді. Сондай-ақ жазылымды дамытуға арналған жұмыс түрлеріне берілген тақырыпқа шығарма жазу, хат жазу, оқыған материалынан қысқаша резюме жазу, эссе жазу кіреді. Қазіргі уақытта күнделікті сабақта аудио, бейне құрылымдарды пайдалану айтарлықтай нәтижелер беріп келеді. Эссе бір тақырыпқа байланысты өз ойын пайымдап жазу болса, түрлі аудио, бейне таспалар арқылы бейнефильмдер үзіндісіне пікірін жазғызу, диктордың оқыған мәтінінен негізгі ойды тауып жазу сияқты тапсырмалар арқылы жазылым дағдысын дамытуға болады. Эсседе оқушы белгілі тақырып немесе проблемалық сұрақ төңірегінде ойлануға, өз пікірін, қорытындысын сауатты жазып шығуға дағдыланады. Жазылымда оқушының тілді білу деңгейіне сәйкес мынандай тапсырма түрлерін беруге болады:

1-тапсырма. Коммуникативтік талапқа сай аудиомәтін тыңдау арқылы шығармашылық диктант жазғызу.

2-тапсырма. Диктант мәтініндегі мәселеге байланысты берілген сұрақтарға сүйене және байланыстыра отырып, жазбаша түрде өз пікірін баяндату.

Мәтіндегі сөйлемдерді сөзбе-сөз жазуға болмайды. Сөздердің баламасын тауып, дұрыс байланыстыра жазу талап етіледі.

Сонымен қатар, жазылымды меңгертудегі тиімді интерактивті әдістердің бірі – ойындар. Ойын элементтерін сабақтағы кез келген әрекет түрінде пайдалануға болады, сонда ең көңілсіз сабақтың өзі тартымды сабаққа айналады. Ойынның адам үшін төрт түрлі маңызды қызметін атап көрсетуге болады:

- мотивациялық-қажеттілікті дамыту;
- еркін мінез-құлықты дамыту;
- ақыл-ой әрекеттерін дамыту;
- таным құралы.

41- Кесте. Қазақ тілінен жазу сауатын жетілдіруге арналған ойын түрлері

<i>Ойын түрлері</i>	<i>Қолдану мақсаты</i>
Лексикалық ойындар	Қарама-қарсы сөздерді, мағынасы ұқсас сөздерді, тақырыпқа байланысты сөздерді табуға, фразаны аяқтау мақсатында қолдануға болады. Карточка арқылы берілетін ойындар, жұмбақтар, сөзжұмбақтар алынады. «Сөзді тап», «Мақал мәтел құрастыр» т.б. ойын түрлерін беруге болады.
Фонетикалық ойындар	Бұл ойын сабақтың алдыңғы сатысында көп қолданылады. Сабақтың кейінгі сатысында оқушыларды меңгерген лексикалық материалын практикалық тұрғыда қолдануға, сөздерді бір-бірімен байланыстырып сөйлем құрауға, оқушының өз ойын жүйелі түрде жеткізуге машықтандыру үшін грамматикалық ойындар қолданылады.
Коммуникативтік ойындар	Бұл ойын түрлері ойынға қатысушыларға тілдің қарым-қатынас құралы екенін сезінуге мүмкіндік береді, тіл қолданысының маңыздылығы туралы ұғымдарын кеңейтеді.
Сюжеттік-рөлдік ойындар	Оқушылардың жас шамасына қарай қызығушылықтарын ескеруге мүмкіндік береді, олардың әрекетінің мәнін кеңейтіп, диалогтік қатысым жасаудың тиімді құралы болып саналады.
Дидактикалық ойындар	Балалардың айналадағы орта туралы түсініктерін жүйелеуге, кеңейтуге, тереңдетуге, қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Сауатты жазу дағдысы емле ережелерін жақсы білуге байланысты қалыптасады. Әрине, оқушылар емле ережелерін өз бетімен емес, мұғалімнің үйрету нәтижесінде ұғынатынын ескеру ұсынылады.

Оқушылар қазақ тілін меңгеруде әріптердің және дыбыстардың жазылуын, сөздердің тасымалдану тәртібін, түбір сөздің жазылуы мен сөйлемдегі сөздердің бір-бірінен бөлек жазылатынын оқып, практикалық жұмыс орындау арқылы дұрыс жазу дағдысын жетілдіреді.

Шекаралас мемлекеттердің мектептерінің ынтымақтастығы

Шекараға жақын аймақтардағы ғылым және білім берудің инновациялық дамуының негізгі факторы - білім саласындағы тек мемлекетаралық қана емес, сонымен қатар өңіраралық келісім-шарттардың бар болуы. Бұл бағыттағы шекараға жақын өңіраралық ынтымақтастықтың дамуы перспективалық болып табылады, себебі іске асырылатын ұсыныстардың, жобалардың және бағдарламалардың мақсаты шекараға жақын өңірлерде бірыңғай ғылым-білім кеңістігін қалыптастыру, бірыңғай ғылыми-зерттеу және білім беру бағдарламалары мен жобаларын жасау, білім беру және басқа ресурстарды біріктіру, ғылым және білім беру саласында шекарааралық ынтымақтастықты одан әрі дамыту болып табылады.

2018-2023 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы Үкіметтерінің арасындағы өңіраралық және шекарааралық ынтымақтастық бағдарламасы білім беру саласын дамытуға бағытталған [13]. Шекараға жақын орналасқан өңірлердегі білім беру жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыс бағыттарының бірі ретінде шекаралас мемлекеттердің әріптестерінің арасындағы тәжірибе алмасуын айтуға болады, біріккен іс-шаралар және фестивальдар, сабақтар, олимпиадалар, оқушылар арасында көршілес мемлекеттердің шекараға жақын орналасқан мектептерімен арасында ғылыми-практикалық конкурстар өткізу болып табылады. Біздің шекараға жақын орналасқан ауылдардағы мектептеріміз көршілес мемлекеттердің (Ресей, Қырғызстан) мектептерімен білім саласында өзара ынтымақтастық келісім негізінде біріккен іс-шаралар өткізеді. Мысалы, шекараға жақын орналасқан Солтүстік Қазақстан облысының М.Жұмабаев атындағы ауданының Полудинская орта мектебінің, Павлодар облысы Ертіс ауданының «№4 Ертіс орта жалпы білім беру мектебінің», Жамбыл облысы Қордай ауданының шекаралас ауыл мектептерінің бұл салада тәжірибелері мол.

Ынтымақтастық аясында қазақ және орыс тілдерінде ашық сабақтар, шеберлік сыныптары, педагогтер мен оқушылар арасында қызығушылық туғызатын шығармашылық кештер өткіліп тұрады.

Мысалы, өз педагогикалық қызметінде екітілділік және мәдени диалог принциптерін іске асыратын, тілдік білім беру саясатын қалыптастыруда және оны іске асыруда шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдерді анықтау және оларға қолдау көрсету мақсатында «Ана тілінің ең жақсы мұғалімі»

халықаралық конкурсы, «Тиімді білім беру технологиялары» шеберлік сыныбы өткізілді. Ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатында меморандумға қол қою бағытында жұмыстар жүргізілуде.

Омбы облысының Нововаршавский ауданының Қаразюк мектебі базасында «Этнорадуга: национальные традиции в современной жизни казахского народа» атты форум өтті.

Форум "Этнорадуга: маршрутом традиций" этноквест форматында өткізілді, онда ұлттық ойындар, әртүрлі этноаландарда қатысушылар шеберлік сыныптарын өтті.

Ертіс ауданының «Солтүстік ОМ» қабырғасында өткен шекараға жақын орналасқан мектептердің форумында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында іс-шаралар жоспары әзірленді. Бұл жоспардың аса маңызды баптарының бірі ретінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қазақ халқының рухани мәдениетін қазақ балалары оқитын Ресей Федерациясы мектептерімен ынтымақтастық арқылы жаңғырту идеяларын насихаттау болып табылады [14].

Қазақстанмен шекаралас Ресейдің көптеген жалпы орта мектептерінде қазақ тілі оқытылады. Мұғалімдер кездесулер барысында қазақ тілі мен әдебиетін оқыту бойынша тәжірибе алмасады. Мысалы, №130 Омбы мектебінде қазақ тілі жалпы білім беру бағдарламасы аясында оқытылады. Басқа мектептерде (№114 Омбы мектебінде, Азов орта мектебінде, Сегізбай ауылының мектебінде) сабақтар факультатив ретінде өткізіледі. Білім алушылардың пәнге терең қызығушылықтары, олардың қазақ халқының дәстүрлі жоралғыларын, салттарын, өнерлерін жақсы білетіндері, тілді білуге ұмтылулары байқалады. Батыс Қазақстан облысымен шекаралас жатқан Саратов облысының өңірлерінің мектептерінде сыныптардағы оқушылардың 30%-н қазақ балалары құрайды. Ресейдегі Қазақстан елшілігінің деректері бойынша қазіргі кезде қазақ тілін оқу бағдарламаларына факультативтік сабақтар ретінде енгізу мәселесі көтерілуде. Ресейдегі «Қазақстан» Ұлттық орталығы, қажеттілігіне қарай балаларды оқытуға шекаралас Батыс Қазақстан облысының мамандарын тартуға ықпал жасауға дайын [15]. Ондай практика көптеген мемлекеттердің шекаралас ынтымақтастығында байқалады. Мысалы, Ресеймен шекаралас Финляндияның Лаппеенрант қаласында бесінші сынып оқушылары ата-аналарының арасында жүргізілген сауалнама бойынша екінші шетел тілі ретінде орыс тілін таңдауға сұраныс көп. Әртүрлі деректер бойынша қалада 5-мыңнан 10 мыңға дейін орыс тілді тұрғындар тұрады. Елдің білім беру министрлігі 2018 жылдың күзінен бастап, тілдік эксперимент жүргізуге рұқсат берді, ол эксперимент бойынша міндетті болып саналатын швед тілін басқа шетел тілімен алмастыру қарастырылған. Шетел тілі ретінде орыс, француз,

неміс және испан тілдерін таңдауға рұқсат берілетін болады. Швед тілі Финляндияда фин тілімен қатар екінші ресми тіл ретінде қолданылады. Финляндияның мектеп бағдарламаларында сонымен қатар ағылшын тілін оқу көзделген [16].

Биылғы жылы шекараға жақын орналасқан ауыл мектептері «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүргізіліп жатқан іс-шараларға қатысуда және олар ауқымды іс-шаралар жүргізуде. Қазақтар жиі орналасқан ресей елді мекендеріндегі мектептерде қазақ тілі факультативті оқытылатыны айтылып өтті, сондықтан шетелдік меймандарға ол мектептерде Қазақстан тарихы, қазақ тілі қалай оқылатыны қызықты болуы мүмкін. Биылғы жылы Павлодар облысының Ертіс ауданының ауылдық өңірлері мен Ресей Федерациясының Омбы облысы арасында шекараға жақын ауылдар үшін қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын зерделеу, бірігіп киелі жерлерге экспедиция ұйымдастыру, «Асық ату» ұлттық ойыны бойынша халықаралық турнир өткізу туралы үш қызықты жоба іске асырылмақшы.

Шекараға жақын өңірлердегі ынтымақтастық шеңберінде Жамбыл облысы Қордай ауданының да тәжірибесі бар. Ол тәжірибе Қазақстан халықтары ассамблеясы мен Қырғызстан Республикасы халықтарының ассамблеясымен біріге отырып іске асырылды. Іс-шаралардың бірі ретінде «Шекара достардың жүрегін бөлмейді» атты фестивальды айтуға болады, онда Қордай ауылының №6 мектебі базасында өткізілген 11-сынып оқушыларының кездесуі, Қазақстан халықтарының ассамблеясының Жамбыл облысындағы «Ақ желкен» лигасы мүшелері және Қырғыз Республикасы жастар бірлестігінің көшбасшыларының кездесуі өтті. Кездесу «Жастардың патриоттық рухты дамытудағы және мемлекеттікті нығайтудағы орны» тақырыбында өскелең жастарды тәрбиелеу мәселелеріне арналды.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, бірлескен іс-шаралардың бастамашысы ұлттық мәдени орталықтар, ғылыми-зерттеу ұйымдары, мектептер, кітапханалар, Қазақстан халықтар Ассамблеясы, жергілікті басқару органдары және т. б. болуы мүмкін.

Шекаралық аумақтағы ауылдық мектептердің, соның ішінде ШЖМ ынтымақтастығы бойынша жұмыс ұйымдастыру үшін іс-шаралар кешенінің мысалдарын келтіреміз.

42-кесте. Негізгі іс-шаралар үлгілері

<i>Р/н</i>	<i>Жұмыс бағыттары</i>	<i>Жұмыстың мақсаты және іс-шараларды өткізу түрлері</i>
1	Білім беру процесін жетілдіру бойынша мектептер арасындағы	<i>Мақсаты:</i> Мектептер арасында тәжірибе алмасу.

	Ынтымақтастық	<i>Іс-шараларды өткізу түрі:</i> шеберлік-сыныптар көрсету, педагогтардың кәсіби желілік қоғамдастықтары арқылы ынтымақтастық, үздік педагогикалық тәжірибені енгізу бойынша бірлескен инновациялық алаң құру, олимпиадалар, байқаулар, ғылыми-практикалық конференциялар өткізу.
2	«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясындағы іс-шаралар	<i>Мақсаты:</i> Мемлекет тарихын, мемлекеттік тілді, Қазақстан халықтарының ұлттық-мәдени құндылықтарын білуге, тәрбиеленушілердің бойында патриоттық рухты қалыптастыруда шет елдердің тәжірибесін пайдалануға негізделген, өскелең ұрпақтың бойында этномәдени және азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың инновациялық технологиялары мен әдістемелерін, тиімді механизмдерін енгізу, ұлттық тәрбие беруді қазақстандық патриотизм идеяларымен байыту. <i>Іс-шараларды өткізу түрі:</i> факультативтік сабақтар, ұлттық мәдениет фестивальдерін өткізу, форумдар, киелі орындарға экспедициялар, ұлттық ойындар турнирлерін өткізу, экскурсиялар ұйымдастыру.
3	Мектептердің Ұлттық орталықтармен ынтымақтастығы	<i>Мақсаты:</i> Шекаралық аумақтағы мектептермен ынтымақтастықты одан әрі жалғастыру арқылы қазақ халқының рухани мәдениетін қайта жаңғырту. <i>Іс-шараларды өткізу түрі:</i> мәдени іс-шаралар, мерекелер, спорттық іс-шаралар, кездесулер, форумдар, концерттер, конкурстар өткізу.
4	Кітапханалармен ынтымақтастық арқылы жалпы мәдени кеңістікті сақтау	<i>Мақсаты:</i> Жалпы мәдени кеңістікті сақтау, өскелең ұрпақтың бойында жалпы адамгершілік құндылықтарға деген құрметті қалыптастыру, жергілікті мәдениетті, дәстүрді, тарихты зерделеу. <i>Іс-шараларды өткізу түрі:</i> шығармашылық кештер, педагогикалық (оқушылар арасындағы) өлкетану оқулары, өлкетану кітаптарының презентациялары, конференциялар, «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» бағдарламасының аясында шығарылған кітаптармен таныстыру.
5	Экологиялық білім беру мен тәрбиелеу	<i>Мақсаты:</i> Экологиялық мәдениетін қалыптастыру, табиғатты ұқыпты пайдалану дағдыларын дарыту, табиғи ортаны жақсарту және сақтау бойынша белсенді әрекеттерге ұмтылуын қалыптастыру. <i>Іс-шараларды өткізу түрі:</i> «Табиғи экспонаттар», «Болып көрмегенді көру» және т.б. көрмелерін ұйымдастыру, табиғат туралы материалдар және кітаптармен білім алушыларды таныстыру сабақтары, мектептердегі лекциялар мен сабақтар,

		ойындар, экологиялық, шығармашылық шеберханалардың жұмыстарын ұйымдастыру, тақырыптық іс-шаралар, табиғаттағы сабақтар, бейне материалдар пайдаланылған интерактивті сабақтар, қызығушылықтары бойынша үйірмелер, табиғи материалдармен жұмыс, жас натуралистер клубының жұмысын ұйымдастыру.
6	Ғылыми-зерттеу жұмыстары	<i>Мақсаты:</i> Оқушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту, балалардың ой-өрісін және дүниетанымын кеңейту, ауылдық және қалалық мектептер арасындағы алшақтықты қысқарту. Балалардың ғылыми-зерттеу жобаларымен айналысуы үшін жағдай жасау. <i>Іс-шараларды өткізу түрі:</i> Шекаралық аумақтағы мектептер арасында аймақтық бірлескен ғылыми-практикалық конференциялар өткізу.
7	Өзара қатысу, байқаулар	<i>Мақсаты:</i> Мектептер арасында тәжірибе алмасу. Білім беру процесін жетілдіру, үздік мұғалімдердің тәжірибесін жинақтау, педагогтардың озық тәжірибесін тарату. <i>Іс-шараларды өткізу түрі:</i> сабаққа қатысу, бірлескен практикалық семинарлар, конференциялар, кездесулер өткізу. «Үздік мұғалім» халықаралық байқауын, білім алушылардың арасында пәндік интеллектуалдық жарыстар, шекаралық аумақтағы ауылдық мектептер арасында шығармашылық шеберхана байқауларын өткізу.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі жаңғыртылуда. Ұлттық білім беруді жетілдірудің қажеттілігі мынадай маңызды бірнеше мемлекеттік басымдылықтарға: әлемнің 30 дамыған елдерінің қатарына кіру үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды қалыптастыру, әлемдік нарықтық экономиканың және ашық азаматтық қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу деңгейін және сапасын көтеру, мемлекеттің тарихын, мемлекеттік тілді, Қазақстан халықтарының ұлттық-мәдени құндылықтарын, тәрбиенушілерде патриоттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша шетелдік тәжірибелерді қолдану, қазақстандық патриотизм идеялары негізінде ұлттық тәрбиелеу жүйесін байытатын жас ұрпақтың этномәдени және азаматтық бейнесін қалыптастыру жөніндегі тиімді механизмдерді, инновациялық технологияларды және әдістерді енгізу мәселелеріне байланысты туындап отыр [17].

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған мезгілінен бастап: мемлекеттердің халықтарының мәдени мұраларын сақтау және жетілдіру міндеттері анықталды. Бұл жағдайлар шекара маңындағы өңірлердің тұрғындарының этномәдени байланыстарын сақтау процессін туындатты.

Қазақстан Республикасы мен шекаралас мемлекеттер арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық кеңейіп, әр жыл сайын қарқынды дамып келеді. Білім беру саласында ұлттық жүйелерді біріктірудегі тұрақты үрдістер, білім беру жүйелерінің және оқу циклдерінің жинақталуы, білім сапасын бағалау мен қолдаудың бірыңғай тәсілдері қалыптасуда. Ынтымақтастық тәжірибесі білім беру саласындағы өзара тиімді және тең құқылы ынтымақтастықты дамыту үшін кең мүмкіндіктердің бар екендігін растады.

Бүгінгі күні шекара маңындағы аумақтардағы өңіраралық ынтымақтастық бағдарламасының арқасында мектеп мұғалімдері мен оқушылары рухани мұраны сақтау, ұлттық дүниетанымды жаңғырту, біздің халқымыздың түпнұсқа тарихы мен мәдениетін құрайтын рухани көздерді қалпына келтіру бойынша тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие болды.

Жүргізілген талдаудың негізінде шекара аумағындағы ауылдық мектептердің білім беру процессін ұйымдастырудың мынадай ерекшеліктері атап өтілді:

- шағын жинақты ауылдық мектептердің басым болуы;
- оралман-балаларды бейімдеу және инклюзивті оқыту;
- шекаралас мемлекеттердің мектептерінің ынтымақтастығы;
- қосымша білім беру қызметтерінің әлсіз қол жетімділігі.

Ауылдық мектеп, бір жағынан, ауылдың өмірінде туындайтын барлық өзгерістерді, қиындықтарды өте тез сезінеді, ал екінші жағынан ауылдың әлеуметтік мәселелерін шешуге елеулі әсер ете алады және айналадағы оқиғаларға дереу жауап береді. Мектептің дамуы әлеуметтік ортамен, ауылдық қоғамның білім беру әлеуетін пайдалануымен тығыз байланысты. Шекаралас мемлекеттердің тұрғындары арасындағы қарым-қатынас жүйесіне енетін тұрақты жергілікті рухани және ұлттық дәстүрлерді қалыптастыруға болады.

Сонымен қатар, мектептің үздік, прогрессивті идеялардың, дәстүрлердің, салт-жоралардың тасымалдаушысы, генераторы және трансформаторы функцияларын сәтті орындауға мүмкіндігі бар.

Әдістемелік ұсынымдарда мұғалімдер үшін ауылдық шекаралық мектептерде оралман-балалармен оқу процессін ұйымдастыру бойынша материалдар, шалғай ауылдық ШЖМ жағдайында білім беру процессін жетілдіру бойынша бағалы ұсыныстар, сонымен қатар көршілес елдердің мектептері арасындағы келісім негізінде шекара аумағындағы ауылдық мектептерде тәжірибе алмасуды ұйымдастыруға және іс-шаралар өткізуге қатысты ұсынымдар берілген.

Осы аталған әдістемелік ұсынымдарды қолдану ауыл мектептерінде, оның ішінде ШЖМ-де, мұғалімдердің білімдері мен тиімділігін арттыруға ықпал ететін болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «О мерах по реализации Послания Главы государства народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» Указ Президента страны Н. Назарбаева от 18 декабря 2012 года № 449.
2. Комплекс мер по развитию приграничных районов Республики Казахстан на 2014 - 2020 годы, Постановление Правительства Республики Казахстан от 29 ноября 2013 года № 1289.
3. Конвенция о приграничном сотрудничестве государств-участников Содружества Независимых Государств, подписанный в Бишкеке 10 октября 2008 года/О ратификации Конвенции о приграничном сотрудничестве государств-участников Содружества Независимых Государств, Закон РК от 17 февраля 2010 года № 250-IV.
4. Государственная программа «Цифровой Казахстан», Постановление Правительства Республики Казахстан № 827 от 12 декабря 2017 года.
5. Организация дистанционного обучения в ресурсных центрах для МКШ. Методические рекомендации. - Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2018.
6. «Правила организации учебного процесса по дистанционным образовательным технологиям», приказ Министра Образования и науки Республики Казахстан от 20 марта 2015 года № 137.
7. Проблемы адаптации оралманов (репатриантов) на исторической родине/М. Садырова, д.соц.н. проф., КазНУ им. аль-Фараби; Б. Калшабаева, д.и.н. и.о. проф., КазНУ им. Аль-Фараби.
8. Методические рекомендации по обучению языкам детей-оралманов. Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2017.
9. «Букварь» Н. С. Жукова, Издательство «Эксмо», 2017 г.
10. Электронды оқулық ««Сикырлы әріптер мен сөздер әлемінде», М. К. Абаева-Бегалиева, Л. В. Кирилинская, М. С. Сатимбекова
https://www.youtube.com/watch?v=f3fO_cvCNaM&index=6&list=PLR_F4-3dhNo24z_rgqkFPziSM1-fSIS5F
11. «Қазақ тілі» Шың-кітап, Қ. Ибрагимов, Алматы, 2010 ж.
12. Автомобиль шаруашылығы бөлімінде оқитын студенттерге қазақ тілін оқыту әдістемесі/Дисс. автореф. Сейтенова С.С. Алматы. -2006 ж.
13. Программа межрегионального и приграничного сотрудничества между Правительством Республики Казахстан и Правительством Российской Федерации на 2018-2023 годы/ г. Челябинск, 10.11.2017 г.
14. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» ел президенті Н. Назарбаевтың мақаласы 12.04.2017 жыл
15. <https://ru.sputniknews.kz/Russia/20180428/5447156/kazakhskij-yazyk-russia.html>
16. «Обучение детей русскому языку на Финнско-Российской приграничной территорий» (обновлено 10.01.2018) © Fotolia / ху Хельсинки, РИА новости.

17. «Нұрлы жол – путь в будущее» Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана, 11 ноября 2014 г.

18. Анализ результатов внешней оценки учебных достижений учащихся 9 классов (ВОУД-2015). Аналитический сборник. / Л. Забара, Д. Ташибаева, Г. Ногайбаева. - Астана: АО ИАЦ, 2015. - 64 с.




19. Анализ результатов единого национального тестирования (ЕНТ-2014). Аналитический сборник. / Г. Кусиденова, А. Алина. - Астана: НЦОСО, 2014г.


«Қазақ тілі және әдебиеті» пәнінен 6-сыныпқа арналған қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгісі

Оспанова Ф. Ә.

Аралас мектептегі орыс сыныптарында «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқыту іс-тәжірибесінен, жоғарғы санатты мұғалім, ҚР «Білім беру ісінің үздігі» белгісінің иегері

II модуль Менің достарым		
Күні:		
Сынып:	Қатысқандар:	Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы:	Тіл дамыту	
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	<ul style="list-style-type: none"> Достық туралы өзіндік көзқарасын білдіріп, қимыл-сын үстеуін тілдесімде қолданады. 	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады:	
	Досы туралы сипаттай алады.	
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады:	
	Достық туралы мақал-мәтел айта алады.	
Тілдік мақсат	Кейбір оқушылар орындай алады:	
	Адал достық пен амал достықты ажыратады.	
	Оқушылар орындай алады:	
	Дос туралы, өз досы туралы айтады.	
Жетістік критерийлері	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:	
	дос, достық, адал достық, амал достық	
Алдыңғы оқу	Достық туралы толық ұғым қалыптасады. Шынайы достықты бағалауға үйренеді.	
7 модульдің ықпалдасуы	Сын тұрғысынан ойлауға үйрету, Жас ерекшелігіне сәйкес оқыту мен оқу, Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану	
Жоспар		
Жос.-н уақыт	Жоспарланған жаттығу жұмыстары	Ресурстар
Басы 8 минут	<p>1. Ұйымдастыру кезеңі.</p> <p>а/ Амандасу.</p> <p>ә/ психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру. Сергіту жаттығуы.</p> <p>ә/ топқа бөлу. Сынып байланыс желілерінің аттары бойынша 3 топқа бөлініп отырады.</p> <p>2. Үй тапсырмасын тексеру.</p> <p>ЖЖ*</p> <p>1-топ – «Жеке портрет» әдісі.</p> <p>«Менің досымның сұлбасы» кесте бойынша тірек сөздерді жазу. Сын есімдердің мағыналық түрлерін екі бағанға жазып көрсетеді.</p> <p>ЖЖ*</p> <p>2-топ – «Желпуіш» әдісі.</p> <p>Мәтіндегі тақырыпқа сәйкес тірек сөздерді теріп жазады.</p>	<p> A Non-San San Care - Children's Song - Kids Songs by The Learning Station.mp4</p> <p>Актив, Билайн, Теле2 бейнеленген суреттер</p> <p>  </p> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px;"> <p style="text-align: center;">Менің досым _____</p> <p style="text-align: center;">_____</p> <p>Қатыстық сын есім сапалық сын есім</p> <p style="text-align: right;"></p> </div>

	<p>ТЖ 3-топ - «Шашылған моншақтар» әдісі. Қиынды сөздерді дұрыс құрастырады. 1.болса, ақылды,Досың, боласың, дана,өзің. 2.боласың, шала, болса, Досың, бала,өзің (Досың ақылды болса, өзің дана боласың. Досың бала болса, өзің шала боласың.) Ф. Геометриялық фигуралар,жетондармен жеке оқушыларды бағалау. Смайликтермен топты бағалау.</p>	 <p>★өте жақсы ■қақсы ▲қанағаттанарлық</p>
<p>Ортасы 3 минут</p> <p>10 минут</p> <p>15 минут</p>	<p>1.СЖ «Сканерлеп оқу» әдісі Мақсаты: «Достық» мәтінін егжей-тегжейлі оқиды. Мазмұнын түсінеді. «Жан досым» әнінің аясында 3 мин. Жұмыс жасайды.</p> <p>2. ТЖ 3-топ. «Кір жайылған жіп» әдісі арқылы мәтін бойынша 3 сұрақ құрастырады. ЖЖ 2-топ. 28-беттегі 4-тапсырма. Диалогті оқиды. Дос туралы мақал-мәтелді табады. Сын есімді табады. ТЖ 1-топ. 29-беттегі 2-тапсырманы орындайды. Ф. Смайликтермен топты бағалау. Геометриялық фигуралар,жетондармен жеке оқушыларды бағалау.</p> <p>4. Грамматика. Қимыл-сын үстеуі қимылдың, іс-әрекеттің амалын, сынын, бейнесін, тәсілін білдіріп, қалай? Қайтіп? Қалайша? Кімше? Деген сұрақтарға жауап береді. Қимыл-сын үстеуі көбінесе етістікпен тіркесіп қолданылады. Мысалы: <i>ақырын жүрді, бірден сөйледі, балаша мәз болды,емін-еркін отырды, бостан-бос жүрді.</i></p> <p>Презентациямен жұмыс</p> <p>5. ЖЖ. Оқулықтағы 4-тапсырманы орындау. Диалогті оқу, аудару. Мазмұндау. Диалог ішінен қимыл-сын үстеуін табады.</p> <p>6. ТТ «Телефон шалу» әдісі. Қорытынды жұмыс. Әр топ 2 сұрақтан дайындайды. Байланыс желілері бір-біріне хабарласады. Зымыран сұрақтарға жауап беру.</p>	 <p>Жигиттер Жан досым.mp4</p> 
	<p>Рефлексия. Кестені толтырады.</p>	

<p>Соңы 5 минут</p>	<p>1. Мен сабаққа (<i>белсенді/ немқұрайлы</i>) қатыстым .</p> <p>2. Өзімнің бүгінгі жұмысыма көңілім (<i>толды, толмады</i>).</p> <p>3. Мен үшін сабақ (<i>өте тез шықты / ұзақ болды</i>).</p> <p>4. Сабақ үстінде мен (<i>шаршаған жоқпын/ шаршадым</i>).</p> <p>5. Менің көңіл күйім (<i>көтеріңкі / түсіңкі</i>) болды.</p> <p>6. Маған сабақ материалы (<i>пайдалы/ пайдасы</i>) болды.</p> <p>7. Үй тапсырмасы менің ойымша (<i>жеңіл/ қиын</i>)</p> <p>Үйге тапсырма: -Байланыс желілері аттарымен аталған топтар бір-біріңмен хабарласып, дос, достық туралы мақал-мәтел жазып келеміз.</p>	
--------------------------------	--	---

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
1. Қазақстан Республикасындағы шекаралық аумақтағы ауылдық мектептердің ағымдағы жағдайын талдау.....	6
2. Шекаралық аумақтағы ауылдық мектептерде, оның ішінде ШЖМ оқу процесін жетілдіру бойынша әдістемелік ұсынымдар.....	63
Қорытынды	84
Әдебиеттер тізімі	86
Қосымша	88

ВВЕДЕНИЕ

